



## Жүйелі жұмыс нәтижеге бастайды



3-бет

## Қоғамның ортақ қуанышы



6-бет

## Жаңа буын бастауы



8-бет

### Құрметті жерлестер!

Сіздерді 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Быыл еліміздің Ата Заңының қабылданғанына 30 жыл толып отыр. Конституция – біздің мемлекеттілігіміздің негізі, ұлттық бірлік пен азаматтық келісімнің символы. Ол демократия мен заңның үстемдігін, әр адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу принциптерін анықтайды.

1995 жылғы 30 тамызда жалпыхалықтық дауыс беру арқылы қабылданған Конституция Қазақстан халқының әділ, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құруға деген ұмтылысын нығайтты. Оның негізінде Отанымыздың қауіпсіздігін, дамуы мен өркендеуін қамтамасыз ететін институттар құрылды.

Негізгі заң елде жүргізіліп жатқан барлық қайта құрулар үшін сенімді негіз бола алды. Ата Заң азаматтық қоғамды жаңғыртуға, орнықты дамуға және нығайтуға жол ашты. Оның ережелері тек заңды негіз ғана емес, сонымен қатар, еліміздің әр азаматы үшін бағыт-бағдар көрсететін құнды құжат.

Осынау салтанатты күні біз сіздерге зор денсаулық, амандық, бейбітшілік, келісім және Қазақстанның игілігі жолындағы адал еңбектеріңізге табыс тілейміз! Конституция біздің Тәуелсіздігіміздің берік тірегі және еліміздің жарқын болашағының кепілі бола берсін!

Қазақстан Республикасының Конституциясы күні құтты болсын!

**Е.БӨЛЕКПАЕВ,**  
Қарағанды облысының әкімі  
**Н.КОБЖАНОВ,**  
Қарағанды облыстық  
мәслихатының төрағасы

## Құрметті жерлестер, қадірлі кеншілер қауымы!

Сіздерді келіп жеткен Кеншілер күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Бүгін біз еңбегімен еліміздің дамуына елеулі үлес қосып жүрген кеншілер қауымына алғысымызды білдіреміз. Тау-кен өндіру саласы Қарағанды өңірінің экономикасында ерекше орын алады. Әр кезеңнің артында – геологиялық барлаудан бастап қайта өңдеуге дейін өз өмірін кенші мамандығына арнаған азаматтардың еңбегі, кәсібилігі мен қажыр-қайраты тұр. Бұл жұмыс тек жоғары біліктілікті ғана емес, сонымен қатар төзімділікті, темір тәтті пен мамандыққа деген шынайы сүйіспеншілікті қажет етеді.

Қарағанды облысының кеншілері – біздің заманымыздың нағыз қаһармандары. Бұл жаңа технологияларды игеруге, оларды үйренуге, өз білімі мен тәжірибесін жас ұрпаққа беруге дайын өз ісінің нағыз шеберлері. Аймағымызда бұл салада еңбек әулеттері қалыптасып, осы салада еңбек ету әкеден балаға, атадан немереге мұра болып келеді. Мұндай сабақтастық кенші еңбегіне деген шынайы құрметпен туганы даусыз.

Біз көмір және тау-кен өнеркәсібінде еңбек етіп жүрген барлық азаматтарды кәсіби мерекелерімен құттықтай отырып, сіздерге төзімділіктеріңіз бен мамандыққа берілгендіктеріңіз үшін алғыс айтамыз. Денсаулықтарыңыз мықты болып, шаңырақтарыңыздан шаттық пен бақ-береке кетпесін!

Мереке құтты болсын!

**Е.БӨЛЕКПАЕВ,**  
Қарағанды облысының әкімі  
**Н.КОБЖАНОВ,**  
Қарағанды облыстық  
мәслихатының төрағасы

## Мәңгілік Елдің алтын діңгегі



Коллаж жасаған Шығар Адамбекова

Ұлы Даланың көгінде азаттықтың алтын шуағы шашырап, жүректерде тәуелсіздік оты маздаған сол бір ғажайып сәттен бері отыз жыл өтті. Бұл белес – тарих толқынында туған елдің тағдырын тербеткен теңдессіз кезең. Осы отыз жыл ішінде қазақ елі тұғырлы байрағын көкке желбіретіп, өз болмысы мен бітімін, ұлылығын әлемге танытты. Ал, сол ұлы ұмтылыстың, өрелі өрлеудің, жасампаз жаңғырудың барлығын бастаған бір киелі күн бар. Ол – халықтың қалауымен қабылданған, елдіктің еңсесін көтеріп, мемлекеттің мызғымас негізін қалап берген – Ата Заң, Конституция. Жүрегі «елім» деп соққан әр қазақ үшін бұл – өткеннің өнегесі, бүгіннің бағдаршамы, болашақтың берік тұғыры. Бабалардың аманаты мен келешектің кепілі.

**Жәлел ШАЛҚАР,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ата Заң – халықтың қалауымен туған күдіретті құжат. Ол – құқықтық норма ғана емес, ұлттың ұлы болмысын айшықтайтын тарихи шежіре, елдің ерен еркіндігі мен тұғырлы

тәуелсіздігінің айнасы. Бұл құжаттың әр жолында қазақтың қайсарлығы, әр бабында ата-бабаның арман-аңсары, әр әрпінде ұрпақтың үміті жатыр. Бүгінгі тыныс-тіршіліктің әрі кемел келешектің қайнар көзі.

► 4-бет

### • ДАҢҚ

## Еңбек эпопеясы

Биыл кеншілер астанасы Қарағанды өлкесі Ата Заңымыздың 30 жылдық мерейтойы, кеншілер күні және білім күнін қаз-қатар атап өтпек. Жұрт сүйінер мерекелер ұштағаны кім-кімді болсын бей-жай қалдырмасы анық. Байырдан бері Қарағанды десе, кеніштен шығып келе жатқан шахтер сұлбасының жарқын елесі қалыптанған өлкеге билік назарының да көзқарасы игі. Жылма-жыл облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жұмыс орындарындағы келелі кездесулерін тоқтатқан емес.

**Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

### Мандай тердің өтеуі

– Өздеріңіз білетіндей, жыл бойы тұрғындармен кездесулер өткіземін, бірақ, қатысушылар арасында кәсіпорындардың қызметкерлері аз екенін байқадым. Біз еңбек ұжымдарына келіп, мәселелерді ашық диалог барысында талқылау керек деп шештік, – деді Ермағанбет Бөлекпа-



ев. – Мен сіздердің мамандықтарыңызда тәуекелдер бар екенін түсінемін және біздің міндетіміз, басшылықтарыңыздың міндеті – оларды барынша азайту. Сон-

дықтан, біз әлеуметтік қорғау, қауіпсіздік және еңбек жағдайын жақсарту шараларын дамытуды жалғастырамыз, – деді аймақ басшысы бұл жолғы жүздесуінде.

► 5-бет

### • ЕРТЕҢ – ШАХТЕР КҮНІ

## Еңбек еленген күн

Қарағандының даңқы байтақ Отанның халқын жылытқан кара алтынмен шыққан. Қарағанды – Қазақстанға жылу тарайтын жүрек. Қарағанды үшін Кеншілер күні ерекше мереке! Кеншілер мәдениет сарайында мерекеге орай салтанатты жиын өтті. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев еңбек адамдарын кәсіби мерекесімен құттықтап, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен өңіріміздің бірқатар кеншілерін мемлекеттік және ведомстволық наградалармен марапаттады. 28 тамызда да Астанада қарағандылық кеншілерге Үкімет аппаратында өнеркәсіп және құрылыс министрлігінде мемлекеттік наградалар табысталған еді.



**Ерік НАРЫН,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Кеншілер астанасына Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қошановтың да құттықтауы жетті.

Салтанатты жиын облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың құттықтауымен басталды. Аймақ басшысы қастерлі мамандықтың ел үшін қаншалықты маңызды екенін атап өтті.

– Барлығыңызды шын жүректен Кеншілер күні мерекесімен құттықтаймын! Біздің өңіріміз үшін бұл ерекше мереке! Қарағандыны Қарағанды

еткен ең алдымен біздің шахтерлер! Бүгінде кен саласының қызметкерлері еліміздің экономикасын одан әрі дамытуға зор үлес қосып келеді. Өндірісті өлкеміз шахтерлер мен металлургтердің ерен еңбектерінің арқасында мемлекетіміздің индустриалдық өңіріне айналды. Елімізде өндірілетін көмірдің үштен бір бөлігі біздің жерімізден шығады. Көптеген үлкен жобалар жүзеге асырылып жатыр. Шахталарда ғылымға негізделген озық технологиялар қолданылуда. Быыл облысымыздың кеншілері 4,2 миллион тонна көмір өндірді.

► 2-бет

# Еңбек еленген күн



Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 15%-ға артық. 2025 жылдың соңына дейін 7 миллион тоннаға жеткізу жоспарланған. Бұл – кеншілер еңбегінің, тәртіптің және жоғары кәсібиліктің нәтижесі, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Аймақ басшысы мерекелік салтанатқа құрметті мейман ретінде шақырылған ардагер кеншілерге де алғысын білдірді. Сонымен қатар, «Qatmet» кәсіпорны бүгінде ол салада жетекші орын алатынын да атап өтті.

Құттықтау сөзден кейін көпшілік асыға күткен марапаттау рәсімі басталды. Қазақстан Республикасының «Құрмет» ордені «Qatmet» компаниясы «Абай» шахтасының тау-кен жұмысшысы Сергей Дудалевка, «Qatmet» компаниясы «Спецшахтомонтажгазгазация» баскармасының №2 учаске бастығының көмекшісі Нұркен Нұрашевқа берілді.

III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен «Шұбаркөл көмір», «Орталық» тау-кен жұмыстары учаскесі экскаватор машинисі Данияр Жакупов, «SatKomi» Тау-кен компаниясының басқарушы директоры Хафиз Жашибеков, «Sherubai Komi» жер қойнауын пайдалану департаментінің директоры Магсуд Ялымов, «Qatmet» көмір департаментінің Ленин атындағы шахтасының 5 разрядты өткізгіші Сергей Мирошниченко, «Qatmet» компаниясы, Т.Күзембаев атындағы шахтаның тау-кен жұмысшысы Марат Байдаров, «Qatmet» компаниясы сорғы қондырғыларының машинисі Валерий Миницаев, «Qatmet» компаниясы көмір департаменті «Восточная» фабрикасының слесары Сержан Хамзин марапатталды.

«Ерен еңбегі үшін» медалімен Майкұдық байыту фабрикасы директорының орынбасары Светлана Божиева, «Разрез» Кузнецкий» ЖШС-нің бас маркшейдері Элжас Билет, «ҚарағандыСервисПром» ЖШС-гі мердігерлік ұйымының учаске бастығы Алексей Сидорчев, «Шұбаркөл Премимум» АҚ-ның тау-кен жабдыктарын жөндеу механигі Хамит Мирзабеков,



Киров шахтасының бұрғылау жұмыстарының жерасты учаскесінің бұрғылаушысы Анатолий Варганов, «Шұбаркөл Премимум» АҚ-ның технологиялық кешеннің МСУ, ДСК операторы Өміржан Қасымов, «Шұбаркөл Премимум» АҚ-ның жүк тиегіш жүргізушісі Рамазан Садыков, «СарыөзенКөмір» ЖШС-нің директоры Алексей Харьков, «Шұбаркөл Көмір» АҚ-ның автожөндеу цехында автомобильдерді жөндейтін Геннадий Тонких, «Шұбаркөл Премимум» АҚ-ның экскаватор машинисі Виктор Бразевич марапатталды.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Арман Қалыков «Құрметті кенші» төсбелгісімен марапатталады.

I дәрежелі «Шахтер даңқы» медалімен «Qatmet» компаниясының көмір департаментіне қарасты Түсіп Күзембаев атындағы шахтаның №1-ші көмір өндіру учаскесінің тазарту кенжарының тау-кен жұмысшысы Алексей Голеньковский, «Qatmet» компаниясы көмір департаментінің «Саран» шахтасы №1-ші учаскесінің жерасты электр слесарі Жұмағали Қапасов, «Qatmet» компаниясы көмір департаментінің «Шахтинская» шахтасының конвейерлік көлігінің жерасты учаскесінің электрслесары Сағат Тәуірбеков, «Qatmet» компаниясының көмір департаментінің «Тентек» шахтасы

№1-ші дайындық жұмыстары учаскесінің жерасты үңгіушісі Төлеген Нұрмұхамбет, «Qatmet» көмір департаментінің техникалық директоры Сергей Шуберский марапатталды.

II дәрежелі «Шахтер даңқы» медалімен «Qatmet» компаниясы көмір департаментінің «Қазақстанская» шахтасының өткізгіші Вильгельм Вухер, «Qatmet» көмір департаментінің «Шахтинская» шахтасының директоры Денис Дымов, «Qatmet» компаниясы көмір департаментінің Костенко атындағы шахтасының өткізгіші Хасен Ельчибаев, «Qatmet» компаниясы көмір департаменті Костенко атындағы шахта дайындық жұмыстары учаскесінің үңгіушісі Дархан Есеев, «Qatmet» компа-

ниясы көмір департаменті Түсіп Күзембаев атындағы шахтаның №2-ші көмір өндіру учаскесінің тазарту кенжарының тау-кен жұмысшысы Владимир Кондаков, «Qatmet» компаниясының көмір департаментінің «Саран» шахтасының конвейерлік көлік учаскесінің бастығы Сергей Лапин, «Qatmet» компаниясы көмір департаментінің «Шахтинская» шахтасының №1-ші учаскесінің тазарту кенжарының тау-кен жұмысшысы Сергей Стыжкин марапатталды.

I дәрежелі «Еңбек даңқы» ордені «Qatmet» компаниясының көмір департаменті Қарағанды көмір тиеу-көлік баскармасының сигнал беру, байланыс және энергия шаруашылығы қызметінің аға электромеханигі Марина Гречановаға берілді.

«Еңбек ардагері» медалі «Qatmet» компаниясының көмір департаментінің «Абай» шахтасының жерасты электрслесары Сергей Маурерге, «Qatmet» көмір департаментінің «Восточная» орталық байыту фабрикасының байыту цехының механигі Олег Переверзев, «Qatmet» компаниясы көмір департаменті Түсіп Күзембаев атындағы шахтаның директоры Сергей Потемкинге берілді.

Суреттерді түсірген  
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

## МАРАПАТ

# Қара алтын қаһармандарына құрмет

Шахтер күні қарсаңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан Премьер-Министр Олжас Бектенов көмір өнеркәсібінің ардагерлері мен мамандарын кәсіби мерекелерімен құттықтады. Бірнеше қарағандылық кеншілерге мемлекеттік наградаларды табыс етті.

Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

«Мемлекет басшысы жариялаған биылғы «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында шахтерлер мен кеншілер еңбегіне ерекше көңіл бөлінуде. Ғасырлар бойы бұл мамандық ең күрделі және маңызды мамандықтардың бірі. Сіздердің табандылықтарыңыз бен төзімділіктеріңіз, еңбекқорлықтарыңыз бен адалдықтарыңыз құрмет пен мақтауға лайық. Еңбек адамын жан-жақты қолдау, өндірісте қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз ету – мемлекеттің басты басымдығы. Ол мақсатта еліміздегі шахталар өндірістік қауіп-қатерлерді төмендетуге мүмкіндік беретін цифрлық жүйелермен жаратқандырылуда. Пилотсыз техника, қашықтан басқару және жерасты радиобайланысы енгізілуде. Бұл жұмыстар жалғаса бермек», – деп атап өтті Премьер-Министр.

Сонымен, көмір және тау-кен саласын дамытуға қосқан үлесі үшін ерекше көзге түскен кеншілерге мемлекеттік наградалар мен құрметті атақтар табыс етілді. «Qatmet» акционерлік қоғамы Түсіп Күзембаев атындағы шахтаның жерасты тау-кен жұмысшысы Сергей Краснощековке «Қазақстанның еңбек сіңірген кеншісі» құрметті атағы берілді. Кеншілер Мемлекет басшысына жұмысшы мамандықтарына көңіл бөленіне алғausыз алғыс білдірді.

– Бүгін елімізде – елеулі мереке. Мерекемен кеншілерді құттықтаймын. Менің бұл саладағы жалпы еңбек өтілім қырық жылға жуық. Кеншілердің жұмысы жемісті, қауіпсіз болсын деп тілеймін. Еңбегімізді бағалап, марапаттаған Мемлекет басшысына зор алғысымды білдіремін, – деді «Қазақмыс корпорациясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі филиалы – «Қарағандытүстімет» өндіріс бірлестігі «Нұрқазған» кенішінің директоры Мұқан Үнгітбаев.

Салтанатты жиында «Qatmet» компаниясының басқарма мүшесі – басқарма төрағасының бірінші орынбасары Сырым Семейбаевке, Көмір департаментінің өндіріс жөніндегі директоры Төлеген Шаяхметовке, «Шахтинская» шахтасының электр слесары Бейбіт Жанайдаровқа, Түсіп Күзембаев атындағы шахтаның үңгілеушісі Александр Сорочкинге, «Шұбаркөл көмір» акционерлік қоғамы «Орталық» тау жұмыстары телімінің экскаватор машинисі Болат Қыдыралинге «Құрмет» ордені табысталды.

III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС филиалы – «Қарағандытүстімет» өндірістік бірлестігі «Нұрқазған» кенішінің директоры Мұқан Үнгітбаев, «Qatmet» АҚ Қарағанды көлік-жүк тиеу басқармасының тепловоз машинисі Александр Надежкин, «Шахтинск» шахтасының үңгілеушісі Ержан Төребеков, Қарағанды жүк тиеу-көлік басқармасының тепловоз машинисі Руслан Лиясов марапатталды.

«Ерен еңбегі үшін» медалі «Шұбаркөл көмір» АҚ №1 автоколоннасының тау көлігі жүргізушісі Юрий Андронуцаға, «Шұбаркөл Премимум» АҚ №2 автоколоннасының жол-көлік машиналарының машинисі Игорь Поповке, «Qatmet» АҚ «Саран» шахтасының тау-кен жұмысшысы Александр Прокоповке, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС филиалы – К.Сәтбаев атындағы «Балқаштүстімет» ӨБ «Саяқ-1» шахтасының V разрядты жарушысы Анатолий Путырскийге, «Өркен» ЖШС («Qatmet» АҚ) бас кеншісі Рашид Сәрсембаевқа, «Шұбаркөл Премимум» АҚ №2 автоколоннасының автомобиль жүргізушісі Дүйсебай Хаметовке табысталды. Кеншілер қауымы тау-кен саласы, соның ішінде, көмір өндіру кәсібіндегі өзгерістерді атап өтті.

– Мемлекет басшысына, біздің компанияның басшылығына еңбегімді лайық бағалап, жоғары наградаға ұсынғаны үшін рахметімді айтамын. Бұл – тек маған ғана емес, ұжымыма, әріптестеріме берілген баға. Өзім көмір өнеркәсібінде 40 жылдан астам уақыт қызмет етіп келемін. Еңбек жолымды тау-кен шебері болып бастап, департамент директоры қызметіне дейін көтерілдім. Бұл мамандықты жастайымнан таңдадым, мектеп бітірген соң политехникалық институтқа оқуға түстім. Содан бергі аралықта, тау-кен саласы, соның ішінде, көмір өндіру кәсібі өте үлкен табыстарға қол жеткізді. Қайта жанғырту жүріп жатыр, қауіпсіздік мәселелері, өндірістің қарқынын арттыру мәселелері шешімін табуда. Бұл өзгерістерде үлкен ұжымның ұшан-теңіз еңбегі жатыр. Осыған орай, барша шахтерлерді бүгінгі кәсіби мерекемен құттықтап, зор денсаулық, мыр-сәулет тілеймін, – дейді «Qatmet» АҚ Көмір департаментінің өндіріс жөніндегі директоры Төлеген Шаяхметов.

# Азаматтық қоғам тірегі

Қарағанды экономикалық университетінде өткен «Азаматтық бастамаларды қолдау мен дамытудың заманауи тәсілдері» атты форум азаматтық тың бастамаларды талқылауға арналған алаңға айналды. Форумға 120-ға жуық адам қатысты. Қатысушылар қатарында Көкшетау, Ұлытау облысы және еліміздің басқа да өңірлерінен келген қонақтар болды. Қарағанды облысының атынан билік өкілдері, Азаматтық альянс мүшелері және қоғам дамуына айтарлықтай үлес қосып жүрген тәжірибелі азаматтық белсенділер қатысты.

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайда: «Мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың серіктестігі өзекті мәселелерді шешуге, жасампаз құндылықтарды дәріптеуге және ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға ықпал етеді», – деп атап өткен болатын. Осы серіктестікті нақты іске айналдыру, азаматтық қоғам мен билік арасындағы көпірді бекіте түсу – ағам жұмысының басты мақсатына айналды. Сонымен қатар, форум шеңберінде азаматтық бастамаларды тиімді қолдауға арналған практикалық ұсынымдар әзірленіп, институционалдық диалогты нығайту, азаматтық қоғам, үкіметтік емес ұйымдар, мемлекеттік құрылымдар мен қоғам арасындағы әріптестікті дамыту мәселелері көтерілді.

Форумда Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелері, этномадени бірлестіктердің жетекшілері, қоғамдық кеңестер, жұмыс топтары, үкіметтік емес ұйымдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдері, журналистер, блогерлер және жастар белсенділері бас қосып,

ұсыныс-пікірін ортаға салды.

Облыс әкімінің орынбасары Өлібек Әлдәев өз сөзінде: «Халық сеніміне ие болып, билік пен қоғам арасындағы ынтымақ арқауына айналдыңыздар. Демек, сіздердің әр бастамаларыңыз қоғамдағы әділдік пен тұрақтылықтың кепілі бола алды. Қазіргі кезеңде елге қолдау көрсетіп, қиын сәтте қол-қасиетке ие болды. Бүгінгі таңда дәл осындай миссияны үкіметтік емес ұйымдар атқарып отыр», – деді.

Форум аясында «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының үлгісінде қайырымдылықтың өңірлік даму құралы ретіндегі тәжірибесі, жасанды интеллект пен цифрлық технологиялардың азаматтық сектордағы ықпалы, «КХА-ға 30 жыл – бірлік пен даму жолы» тақырыптары көтерілді. Сонымен қатар, халықтың құқықтық сауатты арттыру, ҰЕҰ-ларды цифрлық әдістермен оқыту және жастар мен кәсіподақтардың болашақ серіктестігі жөнінде пікірлер айтылды.

Қазақстан Азаматтық альянсының президенті Бану Нұрғазиева ҰЕҰ-дың қоғамдағы рөліне кеңінен тоқталды.



«Азаматтық қоғам деген не? Оған кімдер кіреді? Саяси партиялар, кәсіподақтар, діни бірлестіктер, бұқаралық ақпарат құралдары және, әрине, үкіметтік емес ұйымдар. ҰЕҰ-дың өзгелерден басты айырмашылығы – нақты іспен айналысуы. ҰЕҰ-дар қоғамның түйткілді мәселелерін шешуге атсалысады. Қазір бізге ҰЕҰ туралы заң ауадай қажет. Бұл жай-дәм-жай көтеріліп отырған мәселе емес. Көп жылдан бері осы саланың майын ішкен мамандар ретінде бұл заңның маңыздылығын дәлелдеп келеміз. Сонымен қатар, әр өңірде Азаматтық альянстың өз үйі, жұмыс істейтін өз кенесі болуы тиіс. Мәселен, Қостанайда бар. Қарағандыда да сондай орталық керек», – деді ол.

Ал, Дмитрий Полтаренко форумда сөйлеген сөзінде азаматтық қоғам үшін заңнамалық қамтамасыз етудің өзектілігін нақты мысалдармен жеткізді. – Біз жыл сайын Азаматтық форумды дәстүрлі түрде өткізіп келеміз. Былтырғы форум нәтижесінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырғы туралы заңнамаға өзгерістер енгізілді. Талқыланған басты мәселе – қаржылық есепті заңсыз талап ету болды. Себебі, кез келген шаруашылық субъект уәкілетті органдарға есеп береді. Тағы бір маңызды мәселе – әлеуметтік қорғау саласындағы қызметкерлердің өздері әлеуметтік қорғалмағандығы. Бұл жағдай ҰЕҰ туралы заңның қажеттілігін айқын көрсетіп отыр. Қазір жұмыс тобы бұл заң жоба-

сымен белсенді айналысып жатыр. Біз оны осы жылдың соңына дейін Мәжіліске түседі деп үміттенеміз, – дейді ол.

Форумда басқа өңірлерден келген қатысушылар да өз ойларын ортаға салды. Ұлытау облыстық азаматтық альянсының төрағасы Әсем Асанханова тәжірибе алмасудың маңызын атады.

«Біз Қарағандыдан көп нәрсе үйреніп қайтпақпыз. Ұлытауды үкіметтік емес ұйымдар жеткіліксіз, тұрақты жұмыс істейтіндері аз. Сондықтан, осы форумнан көрген-түйгенімді алдағы 16 қыркүйекте өтетін форумымызда жүзеге асырамыз. Мақсатымыз – тұрақты жұмыс істейтін ұйымдардың тәжірибесін жастарға аманаттау», – деді Әсем Асанханова.



Ал, Мәдениет және ақпарат министрлігі Азаматтық қоғам істері комитетінің төрағасы Гүлбара Сұлтанова да форумда сөз сөйлеп, маңызды мәселелерге тоқталды.

«Бүгінгі форумда көтерілген мәселелер алдағы республикалық форумда ескерілетін болады. Ел Президенті 2026 жылды «Халықаралық еріктілер жылы» деп жариялауды ұсынды. Бұл бастама да қолдау тауып отыр. Арнайы жұмыс топтары құрылып, жұмыстар басталды. Қарағанды облысындағы әріптестеріміз бұл бастаманы қолдайды деп сенеміз» – деді Гүлбара Бекетқызы.

Форумның екінші бөлігі секциялық отырыстарға арналды. Онда бірқатар маңызды мәселелер жан-жақты талқыланып, ұсыныстар ортаға салынды.

Форум Конституция күніне арналған кәсіби фотографтардың «Заманауи Қазақстан» атты фотокөрмесімен және ерекше білім беруді қажет ететін балалардың Кеншілер күніне арналған суреттер фестивалімен түйінделді.

Ауқымды шараны Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасы мен Қарағанды облысының Азаматтық альянсы ұйымдастырғанын атап өткен жөн.

Суретті түсірген  
**Александр МАРЧЕНКО**

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

# Жүйелі жұмыс нәтижеге бастайды

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Балқаш қаласына жұмыс сапарымен келіп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму барысымен танысты. Аймақ басшысы мемлекеттік бағдарламалар аясында жүзеге асып жатқан жобаларды аралап көріп, тұрғындармен ашық форматта кездесу өткізді.

Нұрдос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Инфрақұрылым жаңғыртылуда

Сапар аясында облыс әкімі, ең алдымен, қаланың басты жылу көзі саналатын Балқаш жылу электр орталығына барды. Мұнда №6, 7, 8 қазандық агрегаттары мен №2, 6, 7 турбоагрегаттарының ағымдағы жөндеу жұмыстары аяқталған. Қазір №9 қазандық агрегаты мен №3 турбоагрегат күрделі жөндеуден өтіп жатыр. Сондай-ақ, отын қоры қалыптасып, 1 қыркүйектен бастап №1 және 2 жылу магистральдарын нығыздау және жуу жұмыстары басталады.

– Биыл қаржыландыру екі есеге жуық ұлғайды. Бұл қаражаттың едәуір бөлігі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласына бағытталады. Иә, бұл жұмыс үнемі көзге түспейді, бірақ, ол өте маңызды. Егер, желілерді қазір жаңартпасақ, ертең күрделі проблемаларға тап болуымыз мүмкін. Сондықтан, инженерлік желілерге ауқымды жөндеу жұмыстары жүргізілуде, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Қалада инженерлік инфрақұрылым жүйелі түрде жаңғыртылуда. Магистральдық және орамшiлiк жылу желiлерiнiң жалпы 23,8 шақырымының 14 шақырымы биыл ауыстырылған. Соңғы екі жылда 32 шақырым жылу құбыры жөнделіп, оның 25 шақырымы 2024 жылы жаңартылған. Нәтижесінде жылу желілерінің тозуы 75%-дан 65%-ға дейін төмендеген. Су құбырларын қайта жаңарту жобасы аясында соңғы екі жылда 44 шақырым су желісіне жаңа құбыр салынған. 2025 жылы тағы 22 шақырым құбырды ауыстыру көзделген, қазіргі уақытта оның 13 шақырымы толық аяқталған. Жоба 2026 жылы толық тәмамдалмақ. Кәріз жүйесіне де ерекше назар аударылып отыр. 2024 жылы облыстық бюджеттен бөлінген 2 млрд теңге есебінен кәріз коллекторының 7 шақырымы жаңартылды. 2025 жылы бұл жұмыс жалғасып, қосымша 1 млрд теңге бөлінбекші. Электр желілерін жаңғырту аясында биыл 12,3 шақырым желі жөнделіп, 8 трансформатор ауыстырылды.

Жол инфрақұрылымын дамыту бағытында 16 шақырымға созылған 10 көшеде орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Оның ішінде, тұрғындар тарапынан жиі кө-



терілетін мәселенің бірі – Шиліауыз орамына апаратын 2,5 шақырым жолдың жаңғыртылуы қолға алынды. Инженерлік желілері жаңартылған көшелерде асфальт төсеу, тротуар салу және жарықтандыру жұмыстары қатар жүруде. Атап айтқанда, Ағыбай батыр, Қадыржанов, Абай, Победоносцев, Спицын көшелерінде тиісті жұмыстар атқарылып жатыр. Қаланың аулаларын жаңарту бойынша биыл 11 аула кешенді түрде абаттандырылып, 10 балалар ойын алаңы мен 9 спорт алаңы қалпына келтірілуде. 94 көпқабатты үйдің шатыры мен қасбеттері жөндеуде. Бұл жұмыстар қыркүйек айына дейін толық аяқталады. Қоғамдық көлік аядамалары мен қаланың сыртқы келбетін жақсарту үшін 34 аялдама павильоны, 16 LED экран орнатылуда. Қала аумағында 275 қоқыс контейнері жаңартылып, 55 контейнер алаңы абаттандырылуда.

Облыс әкімі Балқаш әуежайының жаңғыртылу барысымен де танысты. Ұшу-қону жолағы, рульдеу жолы, перрон толықтай жаңартылған. Жолаушыларға жайлы жағдай жасау үшін ішкі және сыртқы әрлеу, жылу, желдету, су жүйелері жаңартылған. Жаңғырту аяқталған соң әуежайдың өткізу қабілеті сағатына 80 жолаушыға дейін жетпек.

Туризмді дамыту бағытында 2024 жылы 2 демалыс аймағы мен 1 қонақүй іске қосылды. 2025 жылдың басынан бері тағы 3 демалыс аймағы салынып, 900 млн теңгеден астам инвестиция тартылды. 20-21 маусымда өткен «Балқаш Tourfest – 2025» фестиваліне 50 мыңнан астам адам қатысса, 4-7 шілде аралығында өңірге 60 мыңнан астам турист келген.

## Әлеуметтік салаға ден қойылған

Қалада биыл «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 900 орын-



дық жаңа мектеп іске қосылады. Сонымен қатар, 3 мектеп пен 4 балабақшаға жөндеу жүргізіліп, Абай көшесіндегі балалар шығармашылығы орталығы жаңартылуда. Денсаулық сақтау саласында Балқаш қалалық көпбейінді ауруханасында ангиографиялық операция блогы мен кабылдау бөлімін кеңейту жұмыстары жүріп жатыр. Қалада денсаулық сақтау жүйесіне 17 жаңа дәрігер келіп, жыл соңына дейін тағы 27 маман тартылмақ.

– Қалада заманауи офтальмологиялық оталарды жүргізу мүмкіндігі жасалуда. Сонымен қатар, «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен Травматология және ортопедия орталығы ашылады. Бұл орталық Балқашты өңірлік орталыққа айналдырады, – деді облыс басшысы Ермағанбет Бөлекпаев.

Жыл басынан бері жұмыспен қамту шараларымен 1800 адам қамтылып, 250 жас «Жасыл ел» бағдарламасына қатысқан. NEET санатындағы 431 жастың 169-ы жұмыспен қамтылған көрінеді. Жастарға жағдай жасалып, «Жас Спейс» жастар орталығы «Коунрад»

корпоративтік қорының қолдауымен ашылып, жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне жол ашуда.

## Жұртшылықпен жылы жүздесу

Қала тұрғындарымен өткен кездесуде Ермағанбет Бөлекпаев пен қала әкімі Сапар Сатаев барлық қойылған сұрақтарға ашық әрі нақты жауап берді. Кездесу барысында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту, аулалар мен көшелерді абаттандыру, жасыл желектерді күту мәселелерін талқылады. Аймақ басшысы тұрғындардың өзекті мәселелеріне жан-жақты көңіл бөлініп, бірде-бір мәселенің назардан тыс қалмағанын атап өтті. Мұндай кездесулер өңір басшысына халықпен тікелей байланыс орнатып, ұзақ жылдар бойы шешімін таппаған проблемаларды шешуге мүмкіндік береді. Өткен жылғы кездесуде 25 маңызды тақырып көтеріліп, оның 19-ы толығымен шешілген, ал, алтауы бойынша жұмыстар жалғасуда.

Қалада магистральды су құбырлары мен жылу желілерін күрделі жөндеу жұмыстары жалғасуда. Үй-

лердің қасбеттері мен шатырлары жаңартылып, жолдар мен аулалар абаттандырылуда. Сонымен қатар, жағалау аймағындағы жұмыстар да жалғасады.

– Жол мәселесінің шешімі инфрақұрылым желілерінің жағдайына байланысты кешігіп жатыр. Бірақ, біз балаларымыздың заманауи ойын алаңында ойнауын қалаймыз, – деді тұрғындар. Бұл сауалға Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаев жауап берді.

Тұрғындар жеке секторда бақшаларды суару үшін есептеуіштер орнату және қала көшелеріндегі автосуару мәселесін де көтерді.

– Қазіргі таңда төрт көшеде автосуару қалпына келтіріліп, тамшылатып суару жұмыстары жүргізілді. Келесі жылы қоғалдандырылатын барлық көшелерде желкенді және тамшылатып суару жүйелері енгізіледі, – деді қала әкімі.

Кездесу қорытындысында аймақ басшысы тұрғындардың ұсыныстары мен сұрақтарын ескере отырып, қала инфрақұрылымын дамыту бағытындағы жұмыстарды әрі қарай жалғастыра беретінін жеткізді.

– Қаламызға Сапар Сатаев мырза келгелі оң өзгерістер орын ала бастады. Халықпен тең сөйлесуі, мұң-мұқтажымызды тыңдап, қаламызды көркейтіп жатқаны көңілімізден шығады. Көп жылдан бері тозып тұрған су құбырлары айырбасталуда. Оған бек қуаныштымыз, – деді қала тұрғыны Ғабит Жақыпов. Ол, сонымен қатар, Ленин мен Абай көшелеріне бағдаршам орнату, қорғасын зауытының экологиялық зияны, Саяқ кентіне көңіл бөлу секілді маңызды мәселелерді көтерді.

Кездесу соңында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев тұрғындарды жеке қабылдап, барлық көтерілген мәселелер бойынша нақты шаралар іске асатынын айтты.

## БАЛҚАШ

Суреттерді түсірген  
Александр МАРЧЕНКО

## Құрметті қарағандылықтар!

Қадірлі педагогтер, ата-аналар және оқушылар!

Сіздерді Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймыз!

1 қыркүйек – жастарымыз білімге бас қоятын, қуанышқа, үмітке толы ерекше күн. Бірінші сынып оқушылары үшін бұл мектеп табалдырығын аттап, алғашқы қоңырау соғылатын таңғажайып білім әлеміне алғашқы қадам жасалатын, ал, мектеп бітіретін түлектер үшін мамандық таңдау мен болашақ бағыт-бағдарды айқындайтын жауапты кезең.

Біздің облыста білім беру жүйесі жүйелі түрде дамып келеді. Мектептер салынып, жаңғыртылуда, заманауи технологиялар енгізіліп, оқыту бағдарламаларына заманға сай өзгерістер енгізілуде. Мұның бәрі сапалы білім алуға және әр баланың әлеуетін ашуға қолайлы мүмкіндіктерді туғызады.

Құрметті мұғалімдер мен ата-аналар! Сіздер балаларымыз үшін сенімді тірек және оларды білім нәрімен сусындатып, болашаққа бағыт сілтер тәлімгерсіздер. Тек бірлесіп ғана біз ертеңгі күнге сеніммен қарай алатын, ұлт қажетіне жарайтын, қиындықтардан қорықпайтын және жаңа биіктерге ұмтылатын ұрпақты тәрбиелей аламыз.

Жаңа оқу жылы балаларымыздың жаңа жетістіктеріне толы болсын, әр жас жаңа білім белестерін бағындырып, еліміздің атпал азаматына айналсын!

Білім күні құтты болсын!

Е.БӨЛЕКПАЕВ,  
Қарағанды облысының әкімі  
Н.КОБЖАНОВ,  
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

# Бұқара бұйымтайы ескеріледі

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев жұмыс сапарымен Приозерск қаласында болды. Сапар аясында өңір басшысы қаланың негізгі әлеуметтік және инженерлік нысандарын аралап, жергілікті тұрғындармен ашық форматта кездесу өткізді. Кездесу барысында қаланың инфрақұрылымдық, әлеуметтік, денсаулық сақтау, білім беру және туризм салаларындағы өзекті мәселелер көтеріліп, нақты ұсыныстар мен шешу жолдары қарастырылды.

Нұрдос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесу барысында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Приозерск өңірінің туризм саласындағы әлеуетіне ерекше тоқталды. Қала маңындағы көлге келушілер санының артуы бұл бағытты дамытуға нақты қажеттілік туғызған.

– Бізде өңірде туризмді дамыту бойынша жоспарлар бар. Жаңа жол демалушылардың келуіне ықпал етеді. Мұнда Алматыдан да, Астанадан да келетіндер бар. Біз кәсіпкерлерді қолдауға және туристер үшін қолайлы жағдай жасауға дайынбыз, – деді Ермағанбет Қабылдауы.

Кездесуде тұрғындар денсаулық сақтау саласына қатысты мәселелерді де ортаға салды. Атап айтқанда, қалаға келген жас дәрігерлерді қолдау, баспана мәселесін шешу туралы ұсыныстар айтылды. – Медицина кадрларын қолдау

үшін қолдан келгеннің бәрін жасау қажет. Дәрігерлер кетпеуі тиіс. Тапшы мамандықтардың шағын бейінді мамандары ретінде барлық жас дәрігерлер 8,5 миллион теңгеге дейін көтерме жәрдемақы алды. Бұл – қайтарымсыз қаражат. Пәтер мәселесін де шешуге болады, – деді облыс әкімі.

Жылу маусымына дайындық – қала тіршілігінің маңызды бөлігі. Ермағанбет Бөлекпаев №1 қазандықта болып, жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарының барысын тексерді. 1974 жылы салынған бұл нысан қаланың негізгі жылу көзі болып есептеледі. Қазір мұнда қазандықтар, жылу алмастырғыштар, экономикайзерлер мен аккумуляторлық бак жөндеуден өтуде. Сонымен қатар, 2 шақырым жылу трассасының 1,7 шақырымы жаңартылып, тұрғын үйлерге тартылған 750 метрлік құбырлар ауыстырылған.

– Басты міндет – алдағы жылы-ту маусымына толық дайын болу.



Барлық жұмыстар сапалы әрі уақытылы аяқталуы тиіс. Тұрғындар нәтижесін биыл сезінуі керек, – деп атап өтті өңір басшысы.

Сонымен қатар, облыс әкімінің халықпен кездесу барысында көптеген мәселелер көтерілді. Кездесу аясында Приозерск қаласының әкімі Мансур Ахметов қаланың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері мен атқарылған жұ-

мыстар туралы баяндама жасады.

– Биылғы жылдың 7 айында бірқатар әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер бойынша оң динамика байқалды. Қалалық бюджетке 839 миллион теңге түсті – бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 144 пайыз. Өнеркәсіп өндірісі 22 миллиард теңгеге жетіп, 130 пайызға артты. Бөлшек сауда да өсті. Алайда, инвести-

ция мен құрылыста төмендеу бар. Бұл – республикалық таңызы бар «Алматы-Астана» маңжолының құрылысы аяқталғанына байланысты. Қалада әлеуметтік тұрғын үймен қамту жұмыстары жүріп жатыр. Биыл 20 пәтер сатып алынып, кезектегі отбасыларға беріледі. Сонымен қатар, алдағы жылыту маусымына белсенді дайындық жүргізілуде: 2 шақырым жылуды

желісінің 1,7 шақырымы жаңартылды, тұрғын үйлерге 750 метр жаңа құбыр тартылды. Абаттандыру бағытында 1000-нан астам көшет отырғызылып, 2000 шаршы метр тротуар төселді, жол белгілері жаңартылды, суғару жүйелері орнатылды. Көпқабатты үйлердің қасбеттері мен шатырлары жөнделді. Женіс бульвары мен Панфилов көшесіндегі үйлерге ағымдағы жөндеу жасалуда. Кәсіпкерлікті қолдау бағытында 6 жас кәсіпкер 12 миллион теңге көлемінде грант алып, 15 тұрақты жұмыс орны ашылды, – деді Приозерск қаласының әкімі Мансур Ахметов.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев кездесуде тұрғындармен ашық диалог жүргізіп, қойылған ұсыныстар мен мәселелердің барлығы мүмкіндігінше қаралағанын атап өтті. Кейбір ата-аналар Қарағанды қаласында оқитын балаларына үйге қатынау үшін автобус жүргізу керектігін жеткізді. Осы сынды бірнеше мәселені облыс әкімі зерттеп, халыққа қолайлы жағдай жасауды тапсырды. Кездесуден кейін өңір басшысы жеке қабылдау өткізіп, тұрғындардың нақты сұрақтарына жауап берді.

## ПРИОЗЕРСК

Суретті түсірген  
Александр МАРЧЕНКО

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

## Конституция – тірі ағза

1995 жылдың 30 тамызында бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған Конституция – халқымыздың еркі мен ел болуға деген асқақ арманының заңды көрінісі. Биыл Ата Заңымызға – 30 жыл. Осы кезеңде еліміз талай сын-дарлы сәттер мен маңызды реформаларды бастан өткеріп, құқықтық мемлекет ретінде қалыптасу жолында нық қадам басты. Бұл мерейлі дата – барша қазақстандықтар үшін ерекше маңызға ие. Осыған орай біз академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің «Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы» кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының кандидаты, профессор Қуат Мүсинмен сұхбаттасып, Ата Заңымыздың ел дамуындағы рөлі мен болашағы жайлы сұхбат құрдық.

– Қуат Саниязданұлы, осы 30 жыл ішінде, Ата Заңымыз ел дамуының қандай тарихи кезеңдерін айқындап, қандай сындарлы сәттерде жолбасшы бола алды деп ойлайсыз?

– Бұл 30 жыл Конституцияның мемлекеттің тұрақтылығы мен дамуында іргетасы болғанын көрсетеді. ҚР Конституциясы 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданып, бірден елдің құқықтық негізіне айналды. Келесі жылдары негізгі заң бірнеше рет өзгертулерге ұшырап, әр өзгеріс сол дәуірдің қоғамдық талаптары мен даму кезеңіне сәйкес әрекет етті. Мысалы, 1998 жылы президент пен депутат өкілетіне қатысты түзетулер енгізіліп, олардың мерзімі ұзарды, депутаттар саны артты. 2007 жылы партиялық тізім жүйесі енгізіліп, парламенттің заң шығарушы және бақылау өкілеттері күшейтілді, билік тармақтары арасында тепе-теңдік орнатылды. Ал, 2022 жылғы референдум аясындағы реформалар «Жаңа Қазақстан» идеясына сай суперпрезиденттік жүйеден парламентарлық республикаға бет бұруға бағытталды. Конституцияның бір бөлігі түбегейлі жаңартылып, өлім жазасы алып



2022 жылғы референдум аясындағы реформалар «Жаңа Қазақстан» идеясына сай суперпрезиденттік жүйеден парламентарлық республикаға бет бұруға бағытталды. Конституцияның бір бөлігі түбегейлі жаңартылып, өлім жазасы алып тасталып, Конституциялық Сот қайта құрылды, туыстарына қызметке тыйым салынды. Осылайша Ата Заңымыз еркін нарыққа көшу, саяси жүйені демократияландыру және биліктің тармақталуын дамыту секілді маңызды кезеңдерді заңдық тұрғыда бекітіп, мемлекеттілікті нығайтудың заңдық базасын қалыптастырды.

тасталып, Конституциялық Сот қайта құрылды, туыстарына қызметке тыйым салынды. Осылайша Ата Заңымыз еркін нарыққа көшу, саяси жүйені демократияландыру және биліктің тармақталуын дамыту секілді маңызды кезеңдерді заңдық тұрғыда бекітіп, мемлекеттілікті нығайтудың заңдық базасын қалыптастырды.

– 2022 жылғы референдум арқылы Конституцияға ауқымды өзгерістер енгізілді. Бұл өзгерістердің қажеттілігі бұрыннан пісіп-жетілген тарихи талап па, әлде жаңа саяси-әлеуметтік жағдайлардың туындысы ретінде қарастыруға бола ма?

– 2022 жылғы конституциялық реформа – іргелі саяси жаңғырудың жалғасы әрі жаңа кезеңнің сұранысы болды. Осы референдумда түзетулердің мақсаты – суперпрезиденттік басқарудан бас тартып, билікті монополиядан арылту еді. Яғни, бір жағынан, ол елімізде ұзақ уақыт талқыланıp келе жатқан өзгерістерді (президенттік мерзімдерді шектеу, парламент рөлін арттыру секілді) нақты жүзеге асыру қажеттілігінің нәтижесі болса, екінші жағынан, 2022 жылғы жағдайдың, халық талабы мен саяси ахуалдың туындысы болды. Қоғамдық сауалнама

деректері бойынша қазақстандықтардың 28%-дан астамы «Конституция – тірі организм» деп, оның заман талабына қарай өзгеруі керектігін айтты. Сонымен қатар, сарапшылардың көпшілігі де бұл реформаны қолдады: сауалнамаға қатысқан сарапшылардың 80%-ы өзгерістерді толық қолдағанын мәлімдеді. Мұның өзі өзгерістердің тек тарихи дайындықтан ғана емес, қазіргі әлеуметтік-саяси ахуал мен даму стратегиясынан туғанын айқын көрсетеді.

Конституцияға түзетулер енгізу – заңды үрдіс және оның басты мақсаты – мемлекеттің өзгеріп жатқан талаптарына жауап беру. Заң ғылымында бұл құжат жиі «тірі организм» деп аталады, сондықтан, дәстүрлі консервативті институттардан гөрі оның икемді болуы жөн саналады.

– Соңғы конституциялық реформалар ел басқару жүйесіндегі өкілеттіктерді қайта қарауға, азаматтардың басқару ісіне қатысу үлесін арттыруға бағытталды. Осы өзгерістер елімізді шынайы демократиялық жолға түсіре алды ма?

– Бұл реформалардың негізгі идеясы – биліктің барлық тармағына жаңа рөлдер беру және халықтың құқықтық бақылауын

күшейту болды. Шынайы демократиялық жолға бет бұру үшін өзгерістер шынайы атқарылды: Мәжілістің құрамы аралас сайлау жүйесіне ауысты (69 депутат партиялық тізім бойынша, 29 – жеке округтен сайланады), бұл тәуелсіз кандидаттардың да Парламентке келуіне мүмкіндік ашады. Ауыл әкімдерін сайлау, депутаттарды кері шақыру тәрізді тетік енгізіліп, партия мүшелігінің төменгі шегі азайтылды, әйелдер мен жастарға 30%-дық квота бекітілді – бәрі көппартиялықты дамытуды көздейді. Сонымен қатар, Президенттің мүмкіндіктері белгілі мерзіммен шектеліп,

2022 жылы Президент бастамасымен құрылған Ұлттық құрылтай – енді қоғамның кең ауқымды пікірін тыңдайтын басты ұлттық диалог алаңына айналды. Құрылтайға ғылым, білім, мәдениет пен спорт, БАҚ, үкіметтік емес ұйымдар және азаматтық қоғам жетекшілері кірген, ал оның отырыстарында мемлекеттік және қоғамдық сарапшылардың пікір алмасуына жағдай жасалады. Бұл платформа халық талаптарын талқылау және шешім қабылдау процесіне енгізуге көмектеседі, нәтижесінде билік пен қоғам арасындағы байланыс күшейді.

жауапты Үкімет құрылды – бұл биліктің орталықсыздануын қамтамасыз етеді. Конституциялық Соттың құрылуы және парламенттік өкілеттіктердің кеңейтілуі де демократиялық институттарды нығайтуға бағытталған нақты қадамдар. Шенеуніктер Мәжіліс алдында жауап беретін болды, сайлаулар мен сайлану құқықтары кеңейді – барлығы реформалар басталғаннан бері ел үдемелі демократиялану жолына түскені туралы пікірді қолдайды. Мысалы, Конституцияның 30 жылдығына арналған ҚСЗИ кеңесінде айтылғандай,

2022 жылғы реформалар – мемлекеттік және саяси жүйені кешенді жаңғырту

дағы маңызды белес болды. Әрине, бұл жолда әлі ілгерілеу керек, бірақ енгізілген өзгерістер елімізді демократияландыруға бағыт алды деуге болады.

– Парламенттің рөлін арттыру, Конституциялық Сот институтының қайта құрылуы – заң үстемдігін күшейтуге бағытталған нақты қадамдар. Осы реформалардың қоғамдағы әділдік пен сенім деңгейіне әсері қандай болады деп күтесіз?

– Заң үстемдігін ұтымды нығайту арқылы қоғамда әділдік пен сенім артатын деп күтілуде. Конституциялық Соттың қайта құрылуы – осы үрдістің басты бөлігі: ол азаматтарға, Адам құқықтары жөніндегі уәкілге және Бас прокурорға заңдардың Конституцияға сәйкестігін тексеру үшін тікелей жүгінуге мүмкіндік береді. Конституциялық Сот әр шешімі арқылы заңдардың үстемдігін қамтамасыз етіп, билік пен қоғам арасындағы сенімді нығайтады. Яғни, енді кез келген азамат Конституциялық Сотқа шағымданып, өз конституциялық құқығын қорғауға мүмкіндік алды. ҚСЗИ жүргізген соңғы әлеуметтік сауалнама нәтижелерінде азаматтардың 76% Конституция ережелерімен таныс екенін көрсетсе, олардың басым бөлігі конституциялық өзгерістерді заң үстемдігін нығайту қадамы деп қабылдап отыр.

– Ата Заңда билік тармақтары арасындағы тепе-теңдік принципі қалай көрініс тапты? Соңғы өзгерістер бұл тепе-теңдікті нығайтты ма?

– Қазақстан Конституциясының 3-бабының 4-тармағында «республикадағы мемлекеттік билік заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінеді, олардың арасында тежемелік-теңдестік жүйесі пайдаланылады» деп нақты жазылған. Яғни билік бөліну қағидасы Ата Заңда айқын белгіленген. Ал, соңғы өзгерістер осы тепе-теңдікті одан әрі нығайтты деп айтуға болады. Ең алдымен, Президенттің өкілеті бір мерзіммен шектеліп, оның кейбір құқықтары Парламент пен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілді. Мәжілістің бақылау функциялары мен заң шығару үдерісі күшейтілді: енді Премьер-Министр кандидатурасы Парламентпен келісіліп



ның кең ауқымды пікірін тыңдайтын басты ұлттық диалог алаңына айналды. Құрылтайға ғылым, білім, мәдениет пен спорт, БАҚ, үкіметтік емес ұйымдар және азаматтық қоғам жетекшілері кірген, ал, оның отырыстарында мемлекеттік және қоғамдық сарапшылардың пікір алмасуына жағдай жасалады. Бұл платформа халық талаптарын талқылау және шешім қабылдау процесіне енгізуге көмектеседі, нәтижесінде билік пен қоғам арасындағы байланыс күшейді.

Сондай-ақ, «қоғамдық келісім» және «сенім кеңесі» сияқты жаңа форматтардың енгізілуі азаматтық бастамаларды диалог алаңына айналдырып, белсенділікті ынталандырды. Нәтижесінде, реформалар адамдар мен билік арасындағы ашық әрі сындарлы қарым-қатынастың дамуына серпін беріп, азаматтық қоғамның саяси процесс пен шешім қабылдауға әсер ету мүмкіндігін кеңейтті деуге болады.

– Қазақстанның Конституциялық моделі халықаралық аренада қалай бағалануға лайық?

– Халықаралық деңгейде Қазақстанның конституциялық жүйесі бірегей және айрықша деп танылады, алайда, оны классикалық демократиялық үлгіге жатқызу қиын. Конституцияны кезең-кезеңмен өзгертіп, қоғам талабын ескеру ісі біраз елдерге үлгі болып отыр. Қазақстандық модельдің басты ерекшелігі – этникалық біртұтастықты, тұрақтылықты сақтай отырып, билікті қатаң орталықсыздандыруға талпынуы. Бірқатар көршілес мемлекеттер мен дамушы елдер біздей татулық пен өкіметтік өзгерістерді үйлестіруді өз тәжірибесіне қолданып көрде. Әсіресе, Қазақстанның аумақтық-этникалық құрылымы ұқсас кең аймақ елдері үшін бұл үлгі қызықты болуы мүмкін. Бірақ, халықаралық аренада біз толық демократиялық толқынмен есептелмейміз – көп сарапшылар елдегі саяси бәсекелестіктің шектеулі екенін, сондықтан, біздің модельді қайталау күрделі екенін айтады. Қорыта айтқанда, Қазақстанның конституциялық моделі – тұрғындардың тыныштық пен дамуына кепілдік берген тәжірибе. Бұл тәжірибе шығыс пен батыстың арасына ұқсас бірегей синтез ретінде қарастырылады: оның ішінде, заң үстемдігі мен әлеуметтік орнықтылық белгілері айқын. Сондықтан, Қазақстанның тәжірибесі белгілі бір халықтармен тыныштық пен өзгерістерді тепе-тең жүргізуге мұқтаж елдерге үлгі болуы мүмкін, бірақ оның толық жаһандық үлгі ретінде қабылдануы үшін алда тағы талай терең демократиялық қадамдар жасау қажет екенін атап өту керек. Қазіргі уақытта біздің басты міндет – ішкі жаңаруымызды жалғастыра отырып, басқа елдермен тәжірибе алмасу арқылы Конституциямыздың әлеуетін кеңейтіп, халықаралық деңгейде беделін арттыру болмақ.

– Уақыт тауып, тұщымды әңгіме өрбіткеніңізге көп рахмет!

Сұхбаттасқан  
Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Мәңгілік Елдің алтын дінгегі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазақ халқының құқықтық таңымы – өмір сүрудің үлкен философиясы. Қазіргі Ата Заңымыздың тамыры тым тереңде, көне ғасырлардың құпия қойнауында жатыр. Қазақ даласының ұлы шежіресі заң үстемдігіне негізделген. Осы заңдылық пен әділдікке негізделген дүниетаным көне түркі дәуірінен бастау алады. Жарты әлемді билеген Көк Түріктер де өз заманында Ұлы Дала заңмен өмір сүріп, дала демократиясының дара үлгісін көрсетіп кеткен.

Көне Түрік қағанатында Төңірден келген тектілік, ел басқару жауапкершілігі мен халық алдындағы әділдік – түркі билеушісінің басты борышы болған. Ел билеу – елге қызмет ету деп ұғынған бабаларымыз әділеттілікті, адалдықты, адамгершілікті бөрінен биік қойыпты. Көне Түрік жазбаларында («Күлтегін», «Тонкөк», «Білге қаған») елдің ертеңі туралы терең толғаныс, мемлекетті басқарудың мағынасы, халықтың амандығы үшін заңның орны ерекше айтылған. «Бектер бектік заңмен билік жүргізе, халыққа тыныштық орнайды»



деген ұстаным – сол кезеңнің басты бағдары болған. Қарапайым халық пен қағанның құқықтық мәртебесі заң алдында тең саналмағанымен, әділдік – баршаға ортақ өлшем.

Бүгінгі Конституция – осы көне дәстүрдің заңды жалғасы. Ол – бізді әлемдік өркениетке жетелейтін әрі өз болмысымызды, төл заңгерлік

мәдениетімізді сақтауға мүмкіндік беретін құжат. Осы рухани сабақтастық үзілмегені үшін біз бабаларымыздың кемеңгерлігіне қарыздармыз. Ата Заң – сол кемеңгерліктің бүгінгі бейнесі десек, артық айтқандық емес.

Осыдан отыз жыл бұрын, 1995 жылдың 30 тамызында, бүкілха-

лықтық референдум нәтижесінде Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданды. Бұл аса жауапты тарихи жауапкершілік болатын. Кеңестік жүйеден енді ғана арылып, буыны бекіп, бұғанасы қатпаған жас мемлекеттің болашағы осы бір құжатқа тікелей тәуелді еді. Соны тереңінен

ұғынған ел бұл шешімді жүрегімен қабылдады. Өйткені, бұл – олардың өз таңдауымен жазылған заң. Осылайша, Қазақстан өзінің дербес даму жолын, басқару жүйесін, елдік бағдарын айқындады. Мемлекеттік құрылымы, азаматтық қоғамның негіздері, адамның құқығы мен бостандығы, билік тармақтарының бөлінісі – барлығы Ата Заңда айқын көрініс тапты. Бұл – мәңгілік елдің мазмұнды қартасы, кемел келешектің кеменгер кодексі.

Содан бері ел дамуымен қатар Ата Заң да заманға сай жаңарып, толықтырылып отырды. 1998 жылдан бастап бүгінге дейін бірнеше мәрте өзгерістер мен түзетулер енгізіліп, қоғамның тыныс-тіршілігімен үндесіп, халықтың мүддесін әркез алға қойды. Соның ішінде 2022 жылғы реформалар елдің саяси-экономикалық құрылымына тың серпін беріп, билік тармақтарының тепе-теңдігін нығайтты. «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидасы жаңа дәуірдің негізгі бағдарына айналды. Конституциялық Соттың құрылуы, азаматтардың тікелей шағымдану құқығы – құқықтық сәтті қадам және ел мен мемлекет арасын-

дағы сенімнің алтын көпірі. Құқық үстемдігі – әділетті Қазақстанның дамуының басты алғышарты.

Отыз жылда Ата Заңның арқасында Қазақстан өз Туын тіктеп, Тәуелсіздігін тұғырға көтерді, Елтаңбасын әлемге танытты, Әнұранын асқақтатып, өз жолын айқындады. Бүгінде құқықтық мәдениеті дамыған, заң үстемдігін ұлықтаған елдің жаңа буыны өсіп келеді. Бұл – Ата Заңның өміршеңдігінің белгісі. Өрбір жас – осы заңның қорғауында. Өрбір ата-ана – осы заңның тірегі. Өрбір отбасы – осы заңның өрісінде. Сондықтан, Конституцияны құрметтеу – өз болашағымызды құрметтеу, өз өмірімізді қадірлеу, өз елдігімізді ардақтау.

Ендеше, ұлы күндерге ұласып жатқан осы 30 жылдық мерейлі белес – тәуелсіз елдің тірегі болған Конституцияның қасиеттілігін ұғынатын, оны қадір тұтатын, соның негізінде өмір сүруді парыз санайтын азаматтардың ұлы салтанаты. Ата Заң – өткеннің парасаты, бүгіннің ақиқат жолы, ертеңнің үміті. Оны ардақтау – ата-бабаның аманатына адал болу. Конституция – Мәңгілік Елдің мәңгілік алтын дінгегі!

# Еңбек эпопеясы



(Соңы. Басы 1-бетте)

Облыстық бюджеттен баянды бастамаға 2 миллиард теңге каражат бөлінді. Дерек – құрғақ цифр ғана емес, әр теңгесімен адам тағдырына сәуле түсіретін, ұлттың еңбек адамына деген құрметін паш ететін үлкен іс. Құдды бір қара тастай салқын шахтадан шыққан шаршаған жанға жылу берген алау дерсіз. Еңбек адамына құрмет – осылай болса керек-ті!

## Кеншілер күнінде

Бұдан бөлек Қарағандыда кеншілер шоғырланған көшелердің бірінде тағы бір ерекше арт-нысан пайда болды. Осы жолғы мурал үнсіз сөйлейтін поэма іспетті әсер қалдырады. Qarmet акционерлік қоғамы тарабының тапсырысы бойынша жасалған арт-туынды Костенко атындағы шахтаның әкімшілік ғимаратының қасбетін сәндеп тұр. Авторлары – Урбанисти-ка орталығы мен AIR\_G суретшілер тобы. Олар кеншінің маңдай терін, ішкі тынысын, рухын – біртұтас етіп біріктіріп, заманауи сурет тілінде жеткізе білді. Муралдың басты кейіпкері – кенші. Бірақ, ол күрделі техника немесе көмір тасып тұрған бейнеде емес, шаңға қосылған жұмыс киімімен емес, қарапайым әкенің, шынайы кейпінде көрінеді. Жанында – жұбайы мен кішкентай ұлы. Бұл – бір бақытты сәт. Жұмыстан аман-есен

оралған, үйінің табалдырығын аттаған әкенің бейнесі. Қала тұрғындары үшін бұл көркем дүние күн сайынғы қарбаласқа толы тірлікте бір сәтке аялдап, терең ойға шомуға себеп болары анық.

Биыл да шуақты мерекеге өңірде ерекше дайындық жүргізіліп, 40-қа жуық түрлі форматтағы іс-шаралар жоспарланған. Әр күннің әрбір шарасы кеншінің өмірін, оның маңызын, жанқиярлығын дәріптейді. Қарағанды, Шахтинск, Саран және Абай калаларында мерекелік көңіл күй ерекше сезілмек. Алаңдар мен мәдениет сарайлары ірі концерттік бағдарламаларға толып, шетелдік және отандық өнер жұлдыздарының қатысуымен өтетін ауқымды шаралар нағыз халықтық мерекеге айналмақ. Музыкамен катар, театрландырылған қойылымдар, фотокөрмелер, тарихи-мәдени инсталляциялар мен кеншілердің өмірі туралы деректі фильмдердің көрсетілімдері де ұйымдастырылады.

Маңдай тердің маңызын бала жастан ұғынған жас азаматтардың бірі – Даниил Гайер. Бүгінде 27 жасында ол – «Тентек» шахтасының автоматика және байланыс учаскесінің бастығы. Небары алты жыл бұрын ғана жер астына электр-слесарь болып түскен жас кеншінің мұндай биікке көтерілуі – «еңбек бәрін жеңбек» деген мақалды бойына да ойына да берік тұтқандықтан.

– Кенші болу – біз үшін кәсіп емес, өмір салты. Әкемнің қалай шаршап келгенін, бірақ, сол сәттегі жүзіндегі мақтанышты көріп өстім. Мен де сондай болғым келді. Бір қарағанда, шахтада бәрі механикалық, техникалық сипатты жұмыс. Дегенмен, мұнда адам факторы бәрінен биік. Әр қимыл – біреудің өміріне әсер етеді. Соны ұмытпау керек. Сүйікті Қарағандымды кеншілер мерекесімен құттықтаймын!, – дейді ол.

Қазір елімізде кеншілердің еңбегі ескерусіз қалмайды. Әлеуметтік қолдау, түрлі жеңілдіктер, тұрғын үй бағдарламалары – мұның бәрі еңбек адамына деген құрметтің айғағы. Ал, Даниил секілді жастар бұл саланың болашағы жарқын екенін тағы бір мәрте көрсетіп айғақтайтындай.

## Қажырмен жазылған жылынама

Бытпыр Қарағандыда сең қозғалды. Ленин атындағы шахтада миллион тонна көмір жер бетіне шықты! Qarmet компаниясы алдағысын да ойлап, болашаққа биік мақсаттар қойып отыр. 2028 жылға дейін Қарағандыдағы 8 шахта кем дегенде жылына 9 миллион тонна көмір өндіруді көздеді. Бұл бағытта шахталар жаңғыртылып, кеншілердің еңбек жағдайы жақсартылмақ. Айталық, жақын арада Ленин шахтасына жаңа пози-

циялау жүйесі орнатылып, ол көмір департаментінің диспетчерлік-талдау орталығына тікелей байланыспен жұмыс істемек. Ал, бұл не деген сөз? Бұл – шахтердің еңбегі енді бұрынғыдан да қауіпсіз, заманауи, жүйелі болмақ!

Салқар даланың сарғайған жусаны мен қасиет тұнған топырағының түбінде ғасырлар бойы жасырынған қара алтынның XX ғасырдың 30-жылдары адамзаттың қолына ұстатты. Шежірелі кезең бір дәуірдің аяқталып, жаңа заманның тынысы сезілген, ірі индустрияның іргесі қаланған шақ еді. Сол аралықта Қарағанды көмір бассейнінің алғаш күрек ізі түскен жерінде бір емес, бірнеше ұрпақтың ізі қалды. Сан ұрпақтың маңдай терімен суарылған еңбектің эпопеясы осылай жазылды. Келе-келе жер қыртысы астындағы көмір Қарағандының біртұтас болмысына айналды. Әр қазылған тоннасымен бірге алға жылжыған халықтың тағдыры, жасампаздыққа қарай басқан бір қадамы бар-ды.

1947 жылы Кеншілер күні алғаш рет ресми мейрам ретінде аталып өтті. Содан бері ондаған жылдар өтті, талай дәуір ауысты, ел мен жер өзгерді, бірақ, шахтер даңқы ешқашан аласарған емес. Иә, шахта жер асты ғана емес, ұлт рухының биігі. Ал, бұл даңғайыр даңқ – мәңгілік!

Суреттерді түсірген Жұмабек ИМАНӘЛІ

## • ИННОВАЦИЯ

# «Ақылды шахта» апаттан сақтайды

Отпен ойнамайтын уақыт келді. «Ақылды шахта» алысты көксейді. Қарағанды жерінде қауіпсіздік пен технология түйіседі. Иә, бүгінде өңір шахталары смарт жүйелермен қаруланған заманауи қауіпсіз аймаққа айнала түсуде.



Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Биыл аймақта кеніштің тас қараңғы қойнауында отты ерте анықтайтын автоматты жүйелер іске қосыла бастады. Qarmet компаниясы енгізіп жатқан бұл жүйе шахтаның дәл «жүрегіне» орнатылуда. Сан түрлі камералар, жылу датчиктері, су бүріккіштер сынды қолайлы технология атаулысы кенші өмірін мейлінше қорғау үшін қолданылады. Мәселен, шахтада түтін сезілді ме, температура көтерілген болса, автоматты жүйе дереу іске қосылып, электромагниттік клапандар арқылы су шашылады. Мысал үшін, Абай шахтасында монтаж жұмыстары аяқталып, енді бұл технология барлық шахталарға кезең-кезеңімен енгізілмек. Түп нәтижесінде әр кенші бақылауда, қадам сайын қауіпсіздік қарастырылады.

Төрт бірдей шахта қарамағына позициялау және газ бақылау жүйелері іске қосылды. Әр жұмысшының қаскасына арнаулы датчиктер орнатылған. Бұл құй-тақандай құрылғы шахтаның ішінде кім, қайда жүргенін дәл көрсетіп, сәт сайын ақпарат беріп тұрады. Ішкерідегі өндірістік жағдай ұшықса, диспетчер бірден дереу әрекет ете алады. Қауіп төнген сәтте кенші «дұлығасындағы» жарық шамы жанады да, ескерту дабылы іске қосылады. Тіпті, бейнеқұрылғылар арқылы жұмысшының жағдайын айынадағыдай көруге болады.

Қазір кенші өндіріс орнына жалғыз бармайды. Оған заманауи теңдессіз технология серік болады. Мұнайшылардың кейбір технологиясы енді шахтаға қатар қолданыла бастады. Яғни, кез келген көмір қабатын қазбас бұрын газды алдын ала шығарып тастау (дегазация) тәжірибесі Қарағанды шахталарына қоса енгізіліп жатыр.

Qarmet компаниясы бұл үшін бес кешендік жабдық сатып алып, Ленин атындағы шахтада іске қосуды жоспарлауда. Осылайша мұнай саласындағы табысты әдістер енді де кеншілердің де тыныштығын қамтамасыз етпек. «Ақылды шахталар» – жүздеген адамның үйіне есен оралуына берілген теңдессіз мүмкіндік. Компания цифрлық технологияларға, вентиляция жүйесіне, жаңа құрылғылар мен инфрақұрылымға 500 миллион доллар инвестиция салып отыр.

Шахталар ғұмырындағы үр жаңа дәуір автоматты өрт сөндіру жүйесі түтін мен температураны анықтап, дереу жауап қайтарады. Позициялау жүйе-

есі әр кеншінің орнын нақты көрсетеді, төтенше жағдайда ескерту береді. Газ мониторингі метан мен зиянды газдарды ерте анықтап, жарылысты болдырмайды. Мұнай саласынан алынған әдіс дегазация қауіпін азайтып, тиімділікті арттырады.

«Өндірістегі ақылды шешімдерге жол ашқан цифрлық платформа қайсы?» дегенімізде ғылым мен бизнестің тоғысында құрылған арнаулы консорциумның мақсаты – өндірістік кәсіпорындарға «Өндіріс 4.0» талаптарына сай шешімдер ұсыну. Мәселен, KAB Systems компаниясы әзірлеген газ талдағыш құрылғылары қазіргі заманғы «ақылды» шахта мен кен орындарын қауіпсіз ете түспек. Ең қызығы, бұл серіктестік газ анализаторларын бастапқыда мүлде басқа жобамен айналысып жатқанда қолға алған. Ол кезде компания өндіріс мамандарын оқытуға арналған цифрлық платформаны жасап жатқан болатын. KAB Systems директоры Ануар Кусановтың айтуынша, шамамен бес жыл бұрын компания өндірістік оқыту орталығын құруды бастаған. Алайда, бұл дәстүрлі оқу сыныбы емес, толықтай электронды ресурс ретінде жасалды.

Бүгінде атаулы цифрлық оқу орталығы еліміз бойынша 30-дан астам кәсіпорында енгізілген. Жалпы саны 80 мыңға жуық қызметкер осы жүйе арқылы оқудан өтті. Тіпті, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі өкілдерінің өзі бұл платформаны сынақтан өткізіп, оны еңбек инспекторларын емтиханнан өткізу кезінде пайдаланған. Қазіргі заман талабы одан да жоғары. Өндіріс орындары келесі қадам ретінде толық интеграцияланған қауіпсіздік жүйесін көргісі келеді. Яғни, бағдарлама өзі қызметкерлердің денсаулығы, кадрлық жағдайы, наряд-рұқсаттар, экологиялық бақылау сынды мәліметтерді ескеріп отыруы қажет. Әсіресе күрделі тау-кен металлургиялық бөлімшелердің басшылары адам факторын барынша азайтуды қалайды. Егер жүйе шеберге қызметкердің қандай жұмысқа рұқсаты барын, оның денсаулығын, жеке қорғаныс құралдарының жарамдылық мерзімін көрсетіп тұрса, өндірістегі жазатайым оқиғалардың қауіпін айтарлықтай төмендейді.

Қараңғы қапас қойнауында аянбай тер төккен әрбір кеншінің өмірі – баға жетпес теңдессіз байлық. «Ақылды шахта» – алдымен адамның ғазиз ғұмырын сақтау жолындағы тың серпіліс, озық ой мен технологияның жеңісі.

## • КЕНШІЛЕР ӘУЛЕТІ

# Шаңырақ пен шахта

Қарағанды – қара алтынның отаны. Сол себепті, өңірімізде тау-кен саласында еңбек етіп келе жатқан бүтін бір әулет көп. Аймағына адал еңбегімен даңқы жеткен Абсатовтар әулеті – солардың бірі. Шахтинск қаласындағы бұл шаңырақтың жалпы еңбек өтілі 300 жылға жуықтайды.



Қасымхан БҰРҚІТҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Шахтинск қаласының іргесіндегі «Qarmet» компаниясына қарасты «Қазақстан» шахтасы Абсатовтар әулетінің екінші шаңырағындай. Мұнда тек әулеттің ер-азаматтары ғана емес, нәзікжандары да еңбек етеді.

Сонымен, әулеттің шахтадағы дәуірі, даңқты кенші Сембі Абсатовтың «Долинская» шахтасына жұмысқа орналасуымен басталады. Одан соң Сембі өзінің бауырларын да қасына жұмысқа тартады. Токсаныншы жылдардың жетпісініші жотасында еңбек жолын осылай бастаған кеншілер әулетінің үшінші буыны да абыройлы мамандықты мирас етіп, аталарының дәстүрлі жолын жарасымды жалғап келеді.

«Отбасымызда сегіз ағайындымыз. Әкеміз Абсат өмірден ерте өтті. Анамыз бізді жалғыз өзі өсіріп-тәрбиеледі. Шахтаға ең бірінші болып, ағаларымыз Сембі, одан кейін Сембек пен Кеңес жұмысқа орналасады. Міне, осы уақыттан бастап, кеншілер әулетінің дәуірі басталды десек те болады. Кеңес Абсатов ағамыз «Қазақстан» кенішінде рельсті тасымалдау бөлімінің электровоз машинисі болып 53 жылдан астам еңбек етті. Ағам Сембі Абсатов шахтаның рельсті тасымалдау

бөлімінің жер асты окпаншысы болып, 48 жылдан астам уақыт бойы шахтада жұмыс істеді. Менің де, еңбек өтілім 40 жылға жуықтады. Бұл біздің отбасылық мамандық десе де, болады. Әйелім Сәуле де, бауырларым мен келіндерім де осы кеніште еңбек етеді», – дейді майталман кенші Марал Жампейісова.

Бүгінгі күні құрметті кенші Марал Жампейісов «Қазақстан» кенішінің кәсіподақ комитетінің төрағасы. Ал, аяулы жары Сәуле Жампейісова кеніштің автоматика және байланыс бөлімінде жұмыс істейді. Абсатовтар әулетінің үшінші буыны Талғат Абсатов, Жанат Абсатов, Мұрат Абсатов, төртінші буын Жанат Абсатовтың ұлы Әлібек Абаев пен келіндері Ғайни Абсатова, Рымбала Абсатова, Гүлназия Жампейісова да осы кеніште еңбек етіп, көмір өндірісінің өркендеуіне өздерінің үлесін қосып жүр.

Марал Жампейісовтің кеудесінде орден, медаль жарқырап тұр. I, II, III дәрежелі «Кенші даңқы» орденінің иегері. «Көмір өнеркәсібінің құрметті қызметкері» атағы бар. Және «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған.

Кеңес Абсатов пен жары Рымбала Абсатова – «Қазақстан» шахтасына еңбегі сіңген ерлі-за-



йыпты. Екеуі де табан аудармай, отыз жылдан аса бір кеніште жұмыс істеген.

– Әкем 1976 жылдың ақпанында шахтаға қатардағы жұмысшы болып кірді. Кейін электровоз машинисін оқып, 2007 жылға дейін осы қызметін абыроймен атқарды. Кейін денсаулығына байланысты зейнетке шықты. Кеншінің қауіпті мамандық екенін білеміз ғой. Денсаулықты алады. Сол себепті, әкемізді зейнетке шығарып алдық. Аз уақыт

істемеді. Өзінің жұмысын жауапты аткарды. Әріптестерінің арасында құрметті. Ал, анамыз Рымбала Абсатова 1979 жылы шахтаға заңгер болып орналасты, 2008 жылға дейін еңбек етті. Екеуінің еңбек өтілі қосқанда 60 жылға жуықтайды. Әкемнің көп жылғы еңбегі ескерусіз емес. II және III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденінің иегері. Үнемі кеудемізді мақтаныш кернеп жүреді. Кеншілер күні біздің отбасымыз үшін ғана емес, әулетіміз үшін

қастанерлі мереке, – дейді Талғат Кеңесұлы.

Үлкен ұлдары Талғат та әке жолын жалғады. Ол 1998 жылдың тамызында шахтаға тау-кен шебері болып жұмысқа орналасқан. Содан бері Шахтинск қаласы іргесіндегі шахтаның белді кеншісі. Қалған үш бауыры Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің тамамдап, өндіріс саласында өз мамандықтарымен еңбек етіп жүр.

Ал, Сембек Абсатов «Қазақстан» кенішінде ең жауапты

қызметте, яғни, бұрғылаушы болып еңбек етті. Жары Ғайни лампашы болып жұмыс істеген. Екеуінің жалпы еңбек өтілі шамамен 50 жылға жуықтайды.

Осылайша, кеншілер әулетінде мәртебелі мамандық әкеден балаға мирас болып келеді. Ағалары Сембінің де балалары тау-кен саласында. Абай Абсатовтың ұлдары аталарының ізін лайықты жалғап жүр.

– Жанат бұл шахтада 2003 жылдан бері бұрғылаушы. Ал, Мұрат 2000 жылдан бастап, тау-кен қазу машинисі. Жанаттың ұлы Әлішер де осыдан екі жыл бұрын шахтаға жұмысқа орналасты. Ол кенші ғана емес, джиу-джитсудан Қазақстан чемпионы, қол күрестен спорт шебері, – дейді әулеттің үлкені Марал Жампейісова.

Абсатовтар әулеті үшін кеншілер мерекесінің жөні бөлек. Олар мерейлі сәт күні қарашаңырақта бас қосып, дастархан жайып, бір-бірін құттықтап, құрмет көрсетеді. Осылайша, бүтін бір шаңырақтың «Қазақстан» шахтасына да, Қазақстан еліне де еңбекпен сіңірген үлесі бар.

Маңдай тер, дәріптеліп келе жатқан дәстүр, атадан балаға мұра болған мәртебелі мамандық, дәулетті әулет, береке мен бірлік, қысқаса шаптықты шаңырақтың өнегесі өміршендігін, әрине, ерлікпен пара-пар еңбектен аңғарамыз...

## ШАХТИНСК

Сурет әулеттің жеке мұрағатынан алынды

• КЕЛ, БАЛАЛАР, ОҚЫЛЫҚ!

# Қоғамның ортақ қуанышы

Санаулы күнде барлық білім ошақтарында көптен күткен сабақ басталады. Каникулы аяқталып, балалар алып-ұшып мектепке енеді. Өңірде сөмкесін асынған 15 мыңнан аса кішкентай балдырған ата-анасын қуанышқа бөлеп, алғаш рет мектеп табалдырығын аттайды. Оқуға түскен түлектер де бірінші мәрте студент атанады. Жаңа оқу жылы осылайша шат-шадыман көңіл күймен басталамақ.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Білім – кез келген мемлекеттің өсіп-өркендеуінің түп қазығы. Сондықтан, 1 қыркүйек – Білім күні тек мектеп табалдырығын алғаш аттаған балалардың мерекесі ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ қуанышы.

Білім күнін атап өту – елімізде кеңестік кезеңнен бері жалғасып келе жатқан дәстүр. 1984 жылдан бастап 1 қыркүйек «Білім күні» деп ресми түрде аталып, егемен елімізде күні бүгінге дейін жаңа оқу жылының басталуы тың серпінмен тойланып келеді. Бұл мереке мемлекет үшін үлкен мәнге ие, тәуелсіз Қазақстанның жас ұрпағын тәрбиелеуде білім беру ісінің жаңа бетбұрысын айқындайды.

Өңірде биыл 175 мыңнан аса оқушы үшін жаңа оқу жылы басталады. Оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беруде тың бастамалар жүзеге асып, жыл сайын жаңа мектептер бой көтеруде. Сондай-ақ, оларды мектептерде бұрын-соңды болмаған өзгерістер легі күтіп отыр.

Атап айтқанда, өңір оқушылары жаңа оқу жылын «Келешек мектептері» жобасымен салынған білім ошақтарында қарсы алады. Олар – Қарағанды қаласындағы 300 орынды, Балқаш қаласында 900 орынды камитғын және Шет ауданы Жарык кентінде 300 оқушыға арналған мектептер. Сонымен қатар, Талды ауылында апатты мектептің орнына салынған 200 оқушыға арналған білім ордасы 1 қыркүйектен өз жұмысын бастайды.



Бұдан басқа, «Келешек мектептері» жобасы аясында Қарағанды қаласы, Бұқар жырау, Шет аудандарында 5 мектеп салынып жатқаны белгілі. Олар кезең-кезеңімен пайдалануға беріледі. Заманауи технологиялармен жабдықталатын бұл білім ошақтары бәсекеге қабілетті білімді ұрпақ дайындауды мақсат етеді. Сондай-ақ, өңірде балалардың сапалы білім алуы үшін 77 кабинетке жаңа құралдар сатып алынды.

Сабақ басталғанда балалардың жарты күні мектепте өтеді. Сабақтан тыс уақытта үйірмелерге қалатын, олимпиадаға дайындалатын балалардың жөні бөлек. Дәл осы тұста олардың мезгілімен тамақтануы – маңызды іс. Тағам – баланың өсу көзі, күнделікті қуат алатын нәрі. Осы орайда жаңа оқу жылынан мектептердің асхана жүйесі жаңартылып, тамақтандырудың жаңа стандарты енгізілмек. Бұл мәзірдің құрылымы мен ұйымдастырылуын елеулі түрде өзгертеді. Бүгінгі таңда мектептерде ыстық тамақпен қамтамасыз ету қызметі «Әлеуметтік әмиян» арқылы іске асатын болады. Облыстың 167 мектебіне жалпы құны 980 млн теңге болатын аппараттық-бағдарламалық кешен орнатылған. Ал, шағын жинақты 212 мектепте тегін «Бизнес әмиян» мобильді қосымшасы енгізілді.

Аталған жаңа стандартқа сай құжатты Денсаулық сақтау министрлігі Оқу-ағарту министрлігімен, Қазақ тағамтану академиясымен бірлесіп, сондай-ақ, ЮНИСЕФ-ті қоса алғанда, халықаралық ұйымдардың қолдауымен әзірледі. Бұл шешім Мемлекет басшысының 1,7 миллион мектеп оқушысына тегін тамақтандырудың сапасын арттыру туралы тапсырмасы аясында қабылданды. Мәзір жас ерекшеліктеріне қарай, балалардың физиологиялық қажеттіліктерін ескере отырып жасақталатын болады. Онда көкөністер, жемістер, тұтас дәмді дақылдар, ақуызға бай және сүт өнімдері көбірек қамтылады. Ас мәзірінен шұжық, ысталған тағамдар, газдалған сусындар мен фаст-фуд өнімдері алынып тасталды. Сол арқылы балалар арасындағы жүрек-қантамыр ауруларының, кант диабетінің және семіздіктің алдын алу көзделеді. Шағын жинақты мектептерде арнайы ланч-бокстар енгізіледі: ыстық бутерброд, қышқыл сүт өнімі, жеміс және сусын.

Бұдан бөлек, мектептерде медбикелер мен дәрігер-диетологтар жұмыс істейтін болады. Ал, Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті алдын ала ескертусіз жоспардан тыс тексерулер жүргізіп, ас блоктарына тұрақты мониторинг енгізеді.

Енді мектеп медицинасындағы мамандар дайындалған тағамның санитарлық және диеталық нормаларға сәйкестігін күн сайын бағалайды. Бұл бұрын-соңды болмаған бастама болып отыр.

Биылғы мектеп бағдарламасында да айтарлықтай өзгерістер бар. Еліміздің барлық білім беру ұйымдарында жеке қауіпсіздік сабақтары қайта басталады. Бұл сабақтар балалардың түрлі өмірлік жағдайларда дұрыс әрекет етуге, тәжірибелік дағдыларды қалыптастыруға және жеке қауіпсіздікке жауапкершілікпен қарауын дамытуға бағытталған. Сонымен қоса, оқу пәндеріне жасанды интеллект енгізіле бастайды. Президенттің тапсырмасына сәйкес еліміздегі барлық мектептерде біртұтас тәрбие беруге бағытталған «Адал азамат» бағдарламасы енгізілмек. Бүгінде өңірде «Адал азамат» бағдарламасы аясында 16 жоба жүзеге асырылуда.

Мұғалімдердің назары бала оқыту ісінде болуға тиіс. Саналы ұрпақ тәрбиелеуде ұстаздардың еңбегі ұшан-теңіз. Ал, оларға барынша жағдай жасау – мемлекеттің айрықша міндеті. «Бүгін саналы ұрпақ тәрбиелей алсақ, ертең заман көшнін басында жүреміз. Сондықтан, осы саланы қолдау мемлекеттік саясаттың негізгі басымдығы болып қала береді»,

– деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

Педагогтердің кәсіби дамуына жағдай жасау, мәртебесін арттыру және біліктілігін жүйелі түрде жетілдіру ісі қай кезде де жалғаса бермек. Биылғы республикалық тамыз конференциясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Мұғалімнің құқығын қорғау мәселесі әрдайым басты назарда болуға тиіс» деген болатын. Соған сай Мемлекет басшысы «Педагог мәртебесі туралы» Заңға ұстаз құқығын қорғау жөнінде өзгерістер енгізуді ұсынаын болатын. Енді педагогтердің құқығы сөз жүзінде емес, заң жүзінде қорғалатын болады. Заңға сәйкес, педагогтерге құрметсіздік танытқандар ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 409-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

«Мемлекет басшысы республикалық тамыз конференциясында мұғалімдердің құқықтарын қорғау, педагогтерге өз қызметіне сәйкес келмейтін міндеттерді жүктемеу туралы ерекше атап өтті. Жергілікті атқарушы органдарының тарапынан занның өрескел бұзылуы орын алған жағдайда, прокуратура органдары араласуы тиіс. Сондай-ақ, балаларға қатысты болған қайғылы оқиғалар үшін де мұғалімдерді жазалау – орынсыз», – дейді Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев.

Педагогтердің негізгі міндеттері – сапалы білім беру мен тәрбиелеу, бала құқығын құрметтеу, педагогикалық этиканы сақтау, кәсіби құзыреттілігін үнемі жетілдіру және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Тәуелсіз ел ертеңі – білімді де білікті ұрпақтың қолында. Сол ұрпақты тәрбиелеп, ізгілікке бастаушы ұстаздың еңбегі өзгеше ерек. Саналы да парасатты азаматты өсіру – қоғамның да, мемлекеттің де асыл мұраты. Сондықтан, Білім күні – барша ұстаз бен шәкіртке үлкен үміт пен сенім жүктейтін мерейлі мереке. Ендеше, білімнің шамшырағын жаққан барша ұстаздар мен шәкірттерге сәттілік тілейміз! Жаңа оқу жылы табысты болғай!

Суретті түсірген  
Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ



• ҚЫСҚА-НҰСҚА

## 1 қыркүйектен бастап...

• Жаңа оқу жылынан 4 мектеп өз жұмысын бастайды. Олар – Қарағанды, Балқаш қалалары, Шет ауданы және Талды ауылында ашылады.

• 1 қыркүйектен бастап мектеп асханасында тамақтандырудың жаңа стандарты енгізіледі. Бұл жүйе ас мәзірі құрылымын және ұйымдастыру тәртібін түбегейлі өзгертпек.

• Еліміздегі барлық мектептерде біртұтас тәрбие беруге бағытталған «Адал азамат» бағдарламасы енгізіледі.

• Мектептерде «Цифрлық сауаттылық» және «Информатика» пәндеріне жасанды интеллект элементтері қолданыла бастайды.

• Еліміздің барлық білім беру ұйымдарында жеке қауіпсіздік сабақтары басталады.

• «ProfiWay» цифрлық платформасы мектептерде іске қосылады. Платформа өңірдегі сұранысқа ие мамандықтар, оқу орындары мен кәсіпорындар туралы ақпарат ұсынады.

• Қосымша білім беру жүйесінде жаңа пилоттық жоба іске қосылады. Ол «1 бала – 1 вачер» қағидаты бойынша іске асырылатын болады. Нәтижесінде балалар тегін үйірмеге барады.

• Қарағанды қаласында №4 мектеп-интернатта ақыл-ойының дамуы жеңіл және орташа деңгейде бұзылған балаларға арналған төрт арнайы сынып ашылады.

• Облыстағы барлық арнайы мектеп-интернаттарға ресурстық орталық мәртебесі беріледі. Күзге қарай ресурстық орталықтар санын он екіге көбейту жоспарланған.

• Қарағанды облысында жаңа ауқымды бастама – «Кітап оқитын ұлт» жобасы іске қосылады. Мақсаты – елімізде тұрақты оқу мәдениетін қалыптастыру.

• Жоғары оқу орындарында оқитын студенттердің шәкіртақысы 52 мың теңгеге, педагогикалық мамандықтарда 84 мың теңгеге өседі.

• Өңір мектептерінде бейіндік сыныптар ашылмақ. 50-ге жуық сынып ашу жоспарлануда.

• Қазақстан мектептерінде ішкі безендіруді біріздендіру бойынша бірыңғай дизайн-код кезең-кезеңмен енгізіледі. Бүгінде 100-ден астам жаңа «Келешек мектептері» бекітілген брендбук негізінде салынып жатыр.

• Оқу басталғанда Теміртау жоғары политехникалық колледжінде «гидротехникалық құрылыс» және «мелиорация» бағыттары бойынша су шаруашылығы компетенциялары орталығы жұмыс істей бастайды. Бұл орталық заманауи оқу-өндірістік база болмақ.

• Мектеп пен колледждерде «Жаһандық құзыреттілік» пәнін оқытатын 6 мыңға жуық мұғалім бес күндік курстан өтеді. Бағдарлама қаржылық сауаттылық дағдыларын дамытуға арналған.

• Директорлық кадрлық резервті қалыптастыруға бағытталған «Болашақ басшы» жобасы басталады.

Дайындаған  
Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



• ҮЗДІК

# Мектеп – кеме, білім – теңіз

Шет ауданы Ақадыр кентіндегі Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейі биыл республика бойынша үздік 9 ауыл мектебінің қатарына енді. Сонымен қоса, 2024-2025 оқу жылының «Үздік ауыл мектебі» атағын иеленді. Мұндай мәртебе – жыл сайын республикалық пән олимпиадасында топ жарып, жоғары нәтиже көрсеткен мектеп-лицей оқушыларының жетістігіне беріліп келеді. Бұл – мектептің ғана емес, бүкіл облыстың ауыз толтырып айтар абырой-мақтанышы.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ю.Гагарин мектебі 1977 жылы алғашқыда орыс мектебі ретінде пайдалануға берілген. 1992 жылы қазақ тілінде оқытатын сыныптар ашылып, аралас мектепке айналды. Ұрпаққа сапалы да пәрменді білім бергені үшін 2008 жылы мектеп-лицей дәрежесін алған. Білім ошағында жылда орта есеппен 1 100-ден астам оқушы білім алады.

Мектепте 8 магистр, жоғары педагогикалық білімі бар 108 мұғалім жұмыс істейді. Биыл 3 жас тама қабылданыпты. Мұнда жас та, тәжірибесі көп білікті мамандар да қызмет етеді.

Ұстаздары білікті болмаса, оқушылары қалайша білімді болмақ?! Бұл сөздер Ю.Гагарин мектебіне тән емес. Өйткені, педагогтердің сапалы құрамы ерекше. Мұнда кәсіби шеберлігі жоғары педагогтер еңбек етеді. 15 педагог-зерттеуші, 44 педагог-сарапшы, 45 педагог-модератор және 30 білікті педагог бар. Бұл – ұстаздардың бала оқыту ісіне жауапкершілікпен қарап, кәсіби дамуға ұмтылысының айқын көрінісі.

Білім ошағында жыл сайын орта есеппен 21 оқушы грант иеленеді екен.

2024-2025 оқу жылында ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша білім ордасының төрт оқушысы физика, математика пәндерінен жеңімпаз болса, екі оқушы география, математика пәндерінен ерекше жетістіктері үшін Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Оқушылар екі жыл қатарынан жаратылыстану-математикалық бағытындағы республикалық пән олимпиадасында жүлделі орындарға ие болып келеді. Бұл – мектеп-лицей үшін зор мәртебе. Олимпиадада көрсеткен үздік нәтижелері үшін республика көлемінде «Ең үздік ауыл мектебі – 2024» атағына ие болған. Оқу-ағарту министрлігі биыл республика бойынша 9 үздік ауыл мектебінің қатарына енгізген.

– Ел бойынша үздік мектеп атанғанымыз үшін Шет ауданының білім бөлімінен 3D-принтері мен 9 интерактивті панель сыйға берілді. Бұл – біз үшін үлкен көмек, заманауи қалыпқа сай құрал болып отыр. Жаңа оқу жылында оқушыларымыз оны кеңінен пайдаланатын болады.

Сонымен бірге, мектебіміз реновация бағдарламасына енгізілді, алдағы уақытта кабинеттерге жаңа құрал-жабдықтар алынатын болады. Осы қамқорлық – ұстаздар мен оқушыларды



жаңа жетістіктерге жетелейді деген үлкен сеніміміз бар, – деді мектеп-лицей директоры Гүлдария Түсіпова.

Дарынды балалар ауылда да жеткілікті. Тек олардың талантын танып, жігерін жану – мұғалімдерге жүктелер міндет. Олар оқушыларды олимпиадаға дайындауға бар күш-жігерін салады. Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары Гүлнара Ақпарованың айтуынша, мектепте робот техникасы және 3D модельдеу бойынша курстар өткізіледі. Математика және физика пәні мұғалімдері заманауи оқыту әдістерін қолдана отырып, олимпиадаға дайындайды.

– Математикада оқушылардан формула жаттау, жылдам

есептеу тәсілдерін меңгеру талап етіледі. «Зерделі» ақыл-ой дамыту орталығының педагогтері онлайн форматта біздің оқушылармен, пән мұғалімдерімен олимпиада есептерін тиімді жолмен шешу әдістерін көрсетеді. Оқушылар бос уақытында Bilim Land, Daryn Online платформаларынан тесттер, YouTube каналынан бейнесабақтар мен тапсырмалар арқылы білімін жетілдіріп отырады.

Ал, физика пәні олимпиадасының практикалық турына дайындық мектептегі физика кабинеті зертханасының мүмкіндігіне қарай ұйымдастырылады. Көрнекіліктер, заманауи құрал-жабдықтар жеткіліксіз болса да, балама құрал-жабдықтарды қолдану арқылы дайындаймыз. Әр

оқушы өзі жасаған физикалық практикум нәтижесін оқушылар алдында қорғайды. Мектеп-лицейде ұйымдастырылған физика үйірмесі де оқушыларымыздың олимпиададан республикалық деңгейде нәтижеге жетуіне қолмақты үлесін қосты, – дейді Гүлнара Сырымқызы.

Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейі – облыстағы жалғыз үздік ауыл мектебі. Оқушылардың ынтықтасу сүйісіні, мұғалімдердің кәсібилігіне тәнті болған жұрт бұл мектепке «Бәрекелді!» дері анық. Мектеп ұжымына жаңа оқу жылында да зор жетістікке жетуіне тілектеспіз.

Сурет Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицей мұраатынан

• ХАЛЫҚ АҚЫНЫ ЖҮНІСБЕК ЖОЛДИНОВТІҢ ТУҒАНЫНА – 130 ЖЫЛ

# Жүнісбек ақын жұртының жадында ма?!

Биыл жерлесіміз, халық ақыны Жүнісбек Жолдиновтің туғанына 130 жыл толып отыр. Бірақ, осы уақытқа дейін оның есімі ескерусіз қалып, бірде-бір мерейтойы еш жерде аталып өтпегені бәрімізді ойантады...

Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жүнісбек 1895 жылы (айы, күні белгісіз) қазіргі Бұқар жырау ауданы Керней ауылдық округіндегі Қотыр Қызылтаудың баурайында дүниеге келген. Бұл жер патша заманында Баянауыл сыртқы округінің Аккелін болысына қарап, оны Сүйіндік-Қаржас рулары мекендеген. «Жақсыға әркімнің-ақ бар таласы» дегендей, оны бұқаржыраулықтар да, баянауылдықтар да өз перзенті санайды.


Ол осы өңірді жайлаған Қаржас-Жәдігер руының Қанай атасына жататын Жолдының Ахметінің шаңырағында өмір есігін ашады. Атасы Жолды мен онымен бір туысатын Берді дөңгеленген дәулеті бар адамдар екен. Алайда бес жасында оның әкесі Ахмет пен шешесі дүниесі салып, Бердіден туған Маңқай балалары қолына алып, солардың қозы-лағын бағып жүреді. Содан есейіп, оң-солын тани бастаған шағында еті тірі жеткіншек көршілес Керней ауылында Кирилл Гарголев дейтін орыстың үйінде қолбала болып тұрады да, «Кузьма Кириллович Гарголев» атанады. Сол себептен ел оны «Көзманың Жүнісбегі» деп кетеді. Бұл жөнінде өзінің бір өлеңінде ол:

...Беске таяп келгенде,  
Ата-анам өлді жасымнан,  
Еркелік тайды басымнан.  
Халімді білер ешкім жоқ,  
Ағайын тайды қасымнан.  
Келсем де онға, оңбадым,  
Аш-жалаңаш тоңғаным.  
Телміріп өттім есікте,  
Қатарлы кісі болмадым.  
Он беске жеттім кезекпен,  
Етегім толды тезекпен.  
Аш-жалаңаш дірдектеп,  
Су тасыдым шелекпен.  
Арызым жетпей болысқа,

Қадірім жетпей танысқан,  
Күнкөрістің жағдайы  
Бала болдым орысқа.  
...Кешірдім бір басымнан талай арман,

Жетім қап, жетемін деп қанаттанған.  
Атаңдым сол кезімде «орыс бала»,  
«Кузьма» деген атақ содан қалған, –  
деп сырын ашады. Сонысына қарай Кирилл шал мен әйелі де, қызы Мария да бұған дұрыс қарап, ас-судан, киім-кешектен тарықтырмайды. Орыс баласы болып жазылған мұны 1914 жылы әскерге алып, Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан «Кузьманың» Еуропаның біраз жерін шарлап, Литвада қара жұмысқа да жегіледі. Өмірінің бұл тұсы баянауылдық Жаяу Мұсаның тағдырына да ұқсайды. Кейін әскерден оралған соң онымен Омбы қаласында жолыққан ол сондағы жерлестері, аталас туыстары Қаныш Сәтбаев, Қошкө Кемеңгеровпен және Иса Байзақовпен, тағы да басқа қазақ зиялыларымен танысып, араласады. Осында жүріп жұмысшы жастардың кешкі мектебіне оқуға түсіп, ойын-сауық үйірмелерінде кисса айтып, ән салады. Тіпті, Қошкө Кемеңгеровтің «Қасқырлар мен қойлар» қойылымында рольде ойнап, актерлік өнерімен де көзге түседі. Міне, сол кезден бастап өле өлгенше домбырасын қолынан тастамаған.

Қазан төңкерісінен кейін елге оралған Жүнісбек кезінде өзіне пана болған Кирилл мен әйелінің, олардың қызы Марияның қайтыс болғанын біледі де, Ақмола қаласына келіп, Ұлы Отан соғысы жылдары сондағы әскери госпитальде фельдшер болып істеп, он жылдай тұрады. Одан әрі Қарағандыға көшіп келген ақын өмірінің соңғы сәттерін бірінші әйелінен туған ұлы Назымбектің Бұқар жырау ауданының Ақөре ауылындағы үйінде өткізіп, 1979 жылы (кейбір деректерде



1983 деп кәте жазылып жүр – автор) сонда бақилық болып, жамбасы жерге тиеді. Алғашқы қосағы көз жұмған соң алған екінші әйелінен Шәкіман, Шәкіра дейтін қыздары мен ұлы Тұрлан туып, бұл төрт баласынан тараған ұрпақтары бүгінде Қарағанды қаласы мен Бұқар жырау ауданында тұрып жатыр.

Жүнісбек Жолдиновтің әкесі Ахметтің бір апасы Жәнипадан туған жиені Имантайдың баласы, екібастұздық өлке-танушы, экономика ғылымдарының кандидаты Серік Жақсыбаевтың айтуынша, осы нағашысының емшілік, көріпкелдік, тамыр ұстап, ауруды анықтайтын қасиеттері де болып, бала да сүңдеттеген көрінеді. Ол осындай кәсібін кешегі кеңес дәуірінде астыртын, жасырын жасап, соның арқасында қаншама адам ауруларынан құлан таза айығып, қатарға қосылып кеткен екен. Ең бастысы – оның суырыпсалма ақындығы. Өзінің көзі тірісінде, яғни «Жазушы» баспасынан 1964 жылы «Ойлар», ал, 1969 жылы «Орендерге өнеге» атты жыр жинақтарын шығарған ақынның соңындағы әдеби мұрасы әлі түгелделіп бітпеген. Себебі, баласы Тұрлан оның біраз қол-

жазбаларын Алматыдан келген бір адам кітап қылып бастыруға алып, сол беті ізім-қайым жоғалғанын айтады.

Тірлігінде Жүнісбек ақын өзінің өлең-жырларын өзіміздің облыстық «Советтік Қарағанды» (қазіргі «Орталық Қазақстан») газеті мен республикалық газет-журналдарда жиі жариялап, олар халық арасына кең тараған. Бұл туындыларында ол туған жер, Отан, ел үшін еңбек еткен ерлер, тағы да басқа тақырыптарды жыр етеді. Мәселен, оның «Баянтауда», «Қарқаралы таулары», «Қарағанды шахтасы», «Жылқышы» сияқты өлеңдері осы сарында. Сонымен бірге, оның халқымыздың Ұлы тұлғалары Қаныш Сәтбаев пен Мұхтар Әуезовтің қазаларына жазған жоқтаулары, небәрі 27 жасында көз жұмған Сырдың сүлейі Көшеней Рүстембековке ұзақ арнауы көпке мәлім көркем дүниелер. Сол арнауында Жүнісбек Көшенейге:

Ата жолын қуыпты,  
Бала жырау балдырған.  
Бұл не деген сыбызғы,  
Есімізден тандырған, – деп баға береді. Оның кезінде жазушы Әди Шәріповтің «Партизан қызы» хикаятына арқау болған Жылбек Ағділов жөнінде жазған «Партизан Жылбек» деген поэмасы да бар. Жасынан өмірдің ащы-тұщысын бірдей татып, қызық-шыжығын қатар көріп, сексен жастан аса ғұмыр кешкен ақсақал ақынның «Нақыл», «Терме», «Жастарға айтарым» тәрізді бірқатар өлеңдері кейінгі жас ұрпаққа айтылған ақыл, өсиет түрінде болып келеді де, күні бүгінге маңызын жойған жоқ. Мәселен, ол осы соңғы өлеңінде:

Жүйрік шабар баптасаң,  
Қадірін біліп сақтасаң.  
Жеміс қайдан шығады,  
Аяғыңмен таптасаң.  
Ақылды деп кім айтар,  
Ашуыңнан қайтпасаң.  
Іздегенің табылар,  
Жалқаулаңып жатпасаң, – деп насихат айтады. Жастайынан жұмысбасты болып

жүрген Жүнісбек Жолдинов ақындар айтысына жасы ұлғайған шағында ғана қатыса бастаған. Сондай бір айтысы туралы белгілі әдебиеттанушы ғалым Серік Негимов 2018 жылдың 12 қазанында «Егемен Қазақстанның» тілшісі Қорғанбек Аманжолға берген сұхбатында: «... Жүнісбек Жолдинов пен Молдабай Жолдыбаев сөз сайысында жарқырап көрінді» дейді. Бұл 1972 жылдың 6-8 тамызы күндерінде өткен екінші республикалық ақындар айтысы болатын. Енді оның басқадай айтыстарын анықтап, жинастыру керек болады.

Көзі тірісінде табиғи талант иесі, ақын Жүнісбек Жолдинов жоғарыда аталған екі жыр кітабын шығарып, 1969 жылы академик Мәлік Ғабдуллиннің шақыртуымен В.Лениннің 100 жылдығы мен Қазақ КСР-і құрылғанына 50 жыл толуына арналған ғылыми-шығармашылық конференцияға қатысып, осы жылы Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Қабыдкәрім Ыдырысовтың қолдауымен еліміздің бірталай өңірінде халықпен кездесу өткізіп, жыр толғаған. Бұдан артық оның алған атағы да, көрген құрметі де жоқ. Ендеше жерлестері, халық ақыны Доскей Әлімбаевтың 175 жылдық мерейтойын тойлағалы отырған бұқаржыраулықтар тағы бір жерлес ақындары Жүнісбек Жолдиновтің 130 жылдық мерейтойын да ұмыт қалдырмас деген ойдамыз. Бұл орайда Бұқар жырау ауданының әдебиет пен өнерді жанындай сүйетін әкімі Ерлан Құсайын артар үмітіміз зор. Өйткені осы бір білікті басты азаматтың ықпал етіп, ұйытқы болуымен өткен жылы атаусыз қалып бара жатқан атақты академик жерлесіміз Арықтай Қайыповтың туғанына 110 жыл толған мерейтойы аудан орталығында дүркіреп өткені әлі елдің есінде...

Бұқар жырау ауданы

СУРЕТТЕ: халық ақыны  
Жүнісбек Жолдинов

## Ауыл ауызсуға алаңдамайды

Қазақстан Конституциясы қабылданғанының 30 жылдығы қарсаңында, яғни, 28 тамызда Бұқар жырау ауданы Ескі Тұзды ауылының тұрғындары тұщы ауызсуға қарық болып, мұнда суды модульдік тазалаудың блогі іске қосылды.



ескітүздылықтардың қуанышына ортақтасты. Таза ауызсуға қолдары жеткен олардың шаттығында шек жоқ.

Ал, келесі 29 тамыз күні ауданның Волковское, Стан шағын ауылдарында да осындай ауызсу беру пунктерін салу жұмыстары аяқталып, ел игілігіне ұсынылды.

Осыменен «Ауыл – ел бесігі» жобасы бойынша Бұқар жырау ауданындағы 68 елдімекеннің 65-інде тұратын халықтың 99 пайыздан астамы таза ауызсумен қамтамасыз етілсе, енді қалған Жаңаауыл мен Бірінші май, Севан ауылдары тұрғындарының да бұл жақсылыққа жетер күні таяу. Мәселен, Бірінші майда осы шаруаларды атқарып жатқан мерді-

Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Атының өзі айтып тұрғандай, қазірде 22 отбасы тұрып жатқан бұл ауыл топырағы сортаң, тұзды жерге орналасқандықтан оның тұрғындары осы уақытқа дейін кермек татыған суды ішуге мәжбүр болған. Енді осы жаңа қондырғының арқасында олар осында сүзгіден өтіп, тұщы-тылған ауызсуды пайдаланатын болады.

Ескі Тұздыда суды модульдік тазалаудың блогы ашылуының салтанатында Бұқар жырау



ауданының әкімі Ерлан Құсайын мен аудандық мәслихаттың төрағасы Асхат Әли болып,

гер «Строй Энерджи 2030» ЖШС бүгінге дейін 55 құдықты қазып, орнатып, 2,5 шақырым сүеткіз-



гіш тораптарды төсеп, енді сутегі жүйелерін төсеуге кіріскен. Барлығы ауылдағы үйлердің бәріне «Централ Азия цемент» ЖШС Ақтау су айыру магистралынан 4,5 шақырым сүеткізгіш тораптар тартылады.

Севан ауылында мердігер «СпецТехСтрой-09» ұйымы келісім бойынша суды модульдік тазалау блогын орнату үшін скважина қазып, контейнер дайындап, сүзгі сорғыларын әзірлеуде.

Ал, Жаңаауылда материалдар (құбырлар, фланцтар, т.б.) сатып алынып, 1,7 шақырым сүеткізгіш тораптар төселіп, қосалқы скважинаны бұрғылау бітіп қалған. Су қысымы мұнарасы да тұрғызылды. Жалпы ауыл үйлеріне 3 шақырым сүеткізгіш тораптар тартылып, көлемі 25 текше метр су қысымы мұнарасы орнатылмақ.

Бұл жұмыстардың барлығы биылғы тамыз айының аяғына дейін аяқталатын болса, Бұқар жырау ауданының халқы таза ауызсуға еш алаңдамай, 100 пайыз толық қамтамасыз етілді деуімізге болады.

Бұқар жырау ауданы

Суреттер аудан әкімінің  
баспасөз қызметінен

## «Мектепке жол»

### акциясы жалғасуда



Жаңа оқу жылы қарсаңында елімізде дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы биыл да жалғасын тапты. Бұл игі шараның басты мақсаты – әлеуметтік жағынан аз қамтылған, көп балалы отбасылардың жеткіншектеріне, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсету, олардың мектепке толық дайын болуына жағдай жасау.



Сурет шішк. дереккөзінен

Болатбек ӘШІМҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Осакаров ауданында аталмыш акция тамыз айының басында басталып, белсенді жүзеге асырылуда. Аудан көлемінде бірқатар нақты істер атқарылып, көмекке мұқтаж оқушыларға қажетті киім-кешектер мен оқу құралдары табыс етілді.

Аудан әкімі Руслан Нұрмұханбетов акцияға үн қосып, он оқушыға мектепке қажет құрал-жабдықтар мен рюкзактар сыйлады. Сонымен қатар, әкім мемлекеттік қызметшілерді, кәсіпкерлерді, аграрийлер мен меценаттарды осы қайырлы іске ат салысуға шақырды. «Бала – болашағымыз. Олардың алаңсыз білім алуына көмектесу – баршамыздың ортақ міндетіміз», – дейді аудан басшысы.

Акция шеңберінде барлық білім беру ұйымдарында арнайы ақпараттық бұрыштар ашылып, қайырымдылық көмекке мұқтаж отбасылардың дерекқоры жасалды. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін балаларға көмек көрсету мақсатында мектептерде түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда.

Осакаров аудандық білім

бөлімі мен құқық қорғау органдары бірлесіп, «Түнгі қаладағы балалар» атты он рейд жүргізді. Бұл іс-шаралар вокзалдарда, ойын-сауық орындарында өтті. Бір жақсысы, рейд барысында қараусыз жүрген балалар кездескен жоқ.

Сонымен қатар, аудандық басылымда осы акцияға орай арнайы мақала жарық көріп, меценаттарды қайырымдылық жасауға үндеді. Білім бөлімінің сайтында акция жайлы ақпарат орналастырылып, көмекке мұқтаж азаматтар мен балалар үшін сенім телефоны жұмыс істеп тұр.

25 тамыздағы жағдай бойынша акция аясында 117 балаға жалпы сомасы 1 586 000 теңге көлемінде материалдық көмек жасалды. Сонымен қатар, «Всеобуч» қоры арқылы әлеуметтік осал санаттағы 750 балаға қолдау көрсетілген.

Осакаров ауданы жаңа оқу жылын осындай игі істерімен қарсы алып отыр. Қайырымдылық – ізгіліктің белгісі. Мейірімге толы «Мектепке жол» акциясы жеткіншектерге жыл сайын қолдау көрсетіп келеді.

Осакаров ауданы

Электрондық пошта:  
ortalyk.kaz@mail.ru

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс» объявляет о продаже доли в УК 0,947 % участников КТ.

Участники Кредитного товарищества пользуются преимущественным перед третьими лицами правом покупки доли или её части при её продаже кем-либо из участников. Обращаться по адресу: г. Караганда, ул.Сатыбалдина, д.29/2, офис №1, тел. 8 7212 397412, 87003363739

№167

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы [fink.kar@minfin.gov.kz](mailto:fink.kar@minfin.gov.kz)

Д

• ФУТБОЛ

## Жаңа буын бастауы

Қарағанды облыстық футбол ассоциациясының ұйымдастыруымен дене шынықтыру және бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «ALGA!» жобасы аясында оқыту семинары өтті. Жобаға Қарағанды облысы әкімдігі, білім басқармасы және дене шынықтыру және спорт басқармасы қолдау көрсетті.



Сурет ашақ перекөзден

**Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Семинардың ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей қатысып, аймақтағы футболдың дамуына ерекше тоқталып өтті.

– Облысымызда ала доп бәсекесінің айбыны асып келеді. Облыс әкімдігі «Freedom Шапағат»

компаниясымен бірлесіп, бірнеше ауқымды жобаларды жүзеге асырмақшы. Бүгінгі семинар – соның тағы бір дәлелі. Жас жеткіншек спортшылар – болашақтың іргетасы, – деді ол.

Семинарға аймақтың 10 мектебінен 61 мұғалім қатысты. Жаңа оқу жылынан бастап, осы жаттығу жиынына қатысқан Қарағанды, Саран, Теміртау, Абай және Үштө-

бе қалаларындағы мектептердің 1-4 сынып оқушылары футболды жеке пән ретінде оқи бастайды. Семинарға қатысқан педагогтер енді әр үшінші дене шынықтыру сабағын футбол бойынша өткізеді.

Дәрістерді UEFA A-Elite санатындағы тәжірибелі жаттықтырушылар Дмитрий Васильев пен Арсен Іңкәрбеков жүргізді. Бағдарлама барысында қаты-

сушылар бастауыш сыныптарда футболды оқытудың заманауи әдістемелерімен танысып, алаңдағы тәжірибелік сабақтарға қатысты. Сонымен қатар, 32 сағаттық футбол сабағының оқу жоспарын әзірлеу жолдарын менгеріп, сабақтан тыс үйірмелерді ұйымдастыруға арналған ұсыныстар алды.

– «ALGA!» жобасы балалардың шынығуына және мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруға бағытталған. Бағдарлама аясында бастауыш сыныптарға футбол сабақтары, жоғарғы сыныптарға үйірмелер енгізіледі. Қатысушы мектептер спорттық құрал-жабдықтармен қамтылады. Бұл курстан өткен мұғалімдер UEFA D санатындағы жаттықтырушы лицензиясын алады. Аталған сертификат балалар-жасөспірімдер, әйелдер және әуесқой футболымен айналысып, әрі сайыстарда қазылық етуге мүмкіндік береді, – деді жаттықтырушы Арсен Іңкәрбеков.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, алдағы уақытта осы жоба бағыты бойынша футбол фестивальдері, шеберлік сыныптары, байқаулар ұйымдастырылып, үздік мектептер мен мұғалімдер арнайы марапатталады. Бұл бастама Қарағанды өңірінде футболды жаңа деңгейге көтеріп, болашақта білікті спортшыларды тәрбиелеуге жол ашпақ.

• ДЖИУ-ДЖИТСУ

## Задарда зор шықты

Хорватияның Задар қаласында джиу-джитсудан өткен әлем кубогында Қазақстан ұлттық құрамасының құрамында татамиге Қарағанды облысынан алты спортшы қатысты. Жарыста жерлестер Ажара Салықова мен Ариана Байсеркеева I орынды жеңіп алды. II орынды Жігер Алматы иеленсе, III орын Асылмұрат Сағындыққа бұйырды.



**Аяулым СОВЕТ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстандық спортшылар 20-дан астам қатысушы елдер арасында жалпыкомандалық есепте екінші орынға ие болды. Ал, ересектер санатында ұлттық команда бірінші орынды иеленді. Турнирдің чемпиондары Ариана Байсеркеева мен Ажара Салықова көрермендердің назарын аударды. 18 жастағы Ариана 57 келі-

ге дейінгі салмақ дәрежесінде сенімді үш жекпе-жек өткізіп, алтын жеңіп алды.

– Қызымның джиу-джитсумен айналысқанына үш жыл болды. Бұрын шығыс билерімен айналысатын. Қазіргі таңда ол спорт шеберіне кандидат, ұлттық құраманың спортшысы, – деді анасы Елена Байсеркеева.

*Сурет Қарағанды облысының джиу-джитсу федерациясынан*

• ХОККЕЙ

## Финалда – фаворит

Өмірлік «Сарыарқа» хоккей клубы Қазақстан кубогының финалына жолдама алды. Жартылай финалда қарағандылықтар қызылжарлық «Құлагерге» қарсы мұз айдынында тартысты ойын өрнегін көрсетті.

**Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бірінші кезеңде есеп ашылмады. Тек екінші кезеңнің 33-минутында Кирилл Пономарев Александр Борисевичтің пасынан кейін қақпаны дәл көздеп, есеп ашты.

Ал, үшінші кезеңнің басында Радель Фазлеев Егор Наместниковтің көмегімен есеп айырмасын еселеді. Дегенмен, қонақтар да қарап қалмай, намысын қайрап, Герман Шаповров бір шайбаны қақпаға тоғытты. Төрешінің пәрменінен соң ойын аяқталды. Қорытынды есеп – 2:1.

Бұл жеңіс қарағандылықтарға Қазақстан кубогының финалына жол ашты. Енді олар шешуші бәсекеде өскемендік «Торпедомен» кездеседі. Екі команда осы

маусымда бір-бірімен жолықпаған. Соңғы кездесу өткен жылы өтіп, ол кезде де ойын тең дәрежеде өрбіп, буллит сериясында «Сарыарқа» жеңіске жеткен болатын.

Жақында көрсеткен ойын нәтижелеріне қарағанда, «Сарыарқаның» жеңіске деген құлшынысы жоғары. Соңғы матчтарда сенімді өнер көрсетіп келе жатқанын ескерсек, финалда да фаворит ретінде айдыңа шығатыны анық.

«Сарыарқа»-«Торпедо» ойыны Қазақстан кубогының тағдырын шешетін тартысты дода болғалы тұр.

*Сурет «Сарыарқа» хоккей клубының баспасөз қызметінен*



• ЖӘДІГЕР

## Сырлы самаурын

Қарқаралы тарихи-өлкетану мұражайында қазақтан шыққан тұңғыш заң магистрі Жақып Ақбайұлына тиесілі ерекше жәдігер сақтаулы. Ол – 1896 жылы Ресейдің Тула қаласында Василий Баташевтің бу самаурын фабрикасынан шыққан мыс самаурын.

**Ерік НАРЫН,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл құнды бұйымды 2008 жылы Жақып Ақбайұлының туыстары музейге табыстаған. Деректерге сүйенсек, самаурын кезінде Қоянды жәрмеңкесінен сатып алынған.

Жақып Ақбайұлы Қарқаралыдағы ауқатты татар көпесі Халиолла Бекметовтің қызы Гүлбаһарға үйленген. Сол



заманғы байлар мен көпестер арасында қызықты дәстүр болған. Әркім өз самаурының тез қайнауына бәс тігетін. Тіпті, қағаз ақшаны суға тастап, қайнаған кезде шығарып алатын әдет те болған.

– Музейдегі осы самаурын Халиолла Бекметовке тиесілі болған. Бір жолғы бас кезінде дәл осы самаурын бірінші қайнап, келісім бойынша Қоянды жәрмеңкесінің бір жылға бас акционері атанған екен, – дейді мұражайдың ғылыми қызметкері Сәтбек Сламбеков.

Тарихи жәдігер бүгінде Қарқаралы жұртшылығына ғана емес, күллі қазақстандықтарға сол дәуірдің тұрмыс-тіршілігі мен мәдени өмірінен сыр шертіп тұр.

СУРЕТТЕ: Қарқаралы тарихи-өлкетану мұражайындағы көне самаурын

*Сурет Қарқаралы тарихи-өлкетану музейінен*

• ЖОБА

## «Толқынды толқын қуады...»

Осы күнде әдебиет әлеміне қанат қағуға ниетті жас қаламгерлерге айрықша көңіл бөлінуде. Әсіресе, алдыңғы толқын ағалар мен кейінгі толқын інілердің арасында алтын көпір орнатылып жатыр. Жақында облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы «Жас қаламгер» жобасын бастады. Алғашқы жиыны да «Қасым үйінде» өтті. Жобаның жоспары ауқымды. Мақсаты – жас ақын-жазушылардың басын қосып, жаңа шығармашылық серпін беру.

**Ерік НАРЫН,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Алғашқы жиында Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы филиалының төрағасы, ақын Жанат Жаңқашұлы жас буынға шеберлік сағатын өткізді. Әдебиеттің өрісі, қа-

ламгердің жауапкершілігі, сөз өнерінің құдіреті жайлы ой толғады.

– «Кітап оқитын ұлт» деген әңгіме айтылып жүр кейінде. Елді жаппай кітап оқуға тарту үшін әуелі кітапқа құмар жастардың басын осындай шараларда біріктіру керек. Аймағымызда талантты жастар көп. Қазақ халқы «Бұлақ көрсең, көзін аш» деген. Жобаның негізгі мақсаты да – сол. Талантты жастарды ел арасынан табу және оларға жол нұсқау – алдыңғы толқынның міндеті деп білеміз. Жоба аясында өтетін тағылымды жиындарда әдебиет туралы ой толғап, оқытын және оқылған кітаптары талқыланады. Осының арқасында шығармашылық орта пайда болады, – деді Жанат Жаңқашұлы.

Жиында академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің жанынан құрылған «ҮКІЛІ ҮМІТ» шығармашыл жастар клубының мүшелері де өз ойларымен бөлісіп, әдебиетке ыстық ықыласын танытты. Алданыш Олжабаева – жас ақын. Қаладағы радио-

лардың бірінде журналист болып қызмет етеді екен. Ол – «мұндай шығармашылық орта адамды қанаттандырады» дейді.

– «Жас қаламгер» жобасының басталғанына қуаныштымын! Адам бойындағы дарынды одан әрі дамытуға ықпалы зор. Келешекте шеберлік сыныптарға қатысып, таным көкжиегі кеңейген жас қаламгерлер қоғамға және жаңа заман әдебиетіне еңбек сіңіреді деп сенемін. Бүгінде елімізге танылған ақындармен жүздесу – бізге ерекше әсер сыйлайтыны анық. Өленді бірінші сыныптан бастап жазамын, – деді Алданыш Олжабаева.

Жоба аясында өмірдегі жас ақындар мен жазушылардың жинағын басып шығару жоспарда бар екен. Шеберлік сыныптарына қатысқан әрқайсысына сертификаттар беріледі. Сонымен қатар, I қыркүйектен бастап аймағымыздағы елімізге белгілі қаламгерлер мектептер мен колледждерде, жоғары оқу орындарында кездесу өткізеді. Әр айға үш кездесуден жоспарланған.

**Оқырман назарына!**  
Газеттің келесі саны 4 қыркүйек, бейсенбі күні шығады



Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJZKZXX БИН 000840001412

Тарапымы 3 478  
№95 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН

**ORTALYQ QAZAQSTAN**

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор  
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА  
Директордың орынбасары  
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ  
Директордың орынбасары  
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактордың м.а.  
Қ.А. АЙТЖАН  
Бас редактор  
Е.К. МҰСАБЕК  
Сайт редакторы  
А.Ә. СОВЕТ  
Жауапты хатшы  
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Приозерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нура,  
Осакаров: 8-702-216-73-50  
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемсіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің  
Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда  
№ KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ый.

Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru